



ҰЗАҚМЕРЗІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІКТІ ТАЛҚЫЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәнимен телефон арқылы сөйлесті.



Мемлекеттер басшылары сауда-экономика және инвестиция салаларындағы қазақ-қатар ынтымақтастығын кеңейту мәселелерін, сондай-ақ жыл басында қол қойылған Ұзақмерзімді стратегиялық әріптестік орнату жөніндегі келісімді жүзеге асыру барысын талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни Қазақстан мен Қатар ара-

сындағы қарым-қатынас нақты стратегиялық және өзара тиімді сипат алғанын атап өтті. Қазақстан Президенті Қатар Әмірі шақырған Doha Forum 2024 конференциясына қатысатынын растады. Тараптар екі ел арасындағы тығыз байланыстарды жалғастыруға уағдаласты.



ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ МҮМКІНДІКТЕРІ ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев G42 компаниясының басқарма төрағасы Пенг Сяоны қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстанда жасанды интеллект технологияларын дамыту бойынша бұған дейінгі кездесулерде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру барысы жөнінде мәлімет берілді.

Сонымен қатар Smart City жүйесін енгізу бағытында ынтымақтастықтың перспективасы тал-

қыланды. Жоба заманауи технологиялық шешімдердің көмегімен қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Кездесуде инновациялық технология және «ақылды» инфрақұрылым салаларында Қазақстан мен G42 компаниясы арасындағы ықпалдастықты кеңейтудің тың мүмкіндіктері қарастырылды.

ДЗЮДО ФЕДЕРАЦИЯСЫ БАСШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) президенті Мариус Визерді қабылдады.



Қасым-Жомарт Тоқаев Мариус Визерге дзюдоны дамытуға және насихаттауға үлес қосқаны үшін ризашылық білдірді. Президенттің айтуынша, Қазақстанда спорттың осы түріне қызығушылық зор. Әсіресе, балалар мен жастар арасында танымалдылыққа ие.

— Сіздің сапарыңыз Қазақстан мен Халықаралық дзюдо федерациясы арасындағы өзара ықпалдастыққа тың серпін беру тұрғысынан өте маңызды деп санаймын. Бүгінде дзюдоның әлемдік спорт қоғамдастығында алатын орны зор. Дзюдо — Қазақстанда да өте танымал спорт түрі. Елімізде көптеген секция мен жаттығу орталықтары жұмыс істейді. Онда 160 мыңнан аса адам, солардың ішінде балалар да жаттығады. Жакында өткен Париж Олимпиадасында Елдос Сметовтің жеңіспаз атанғанын мақтан тұтамыз. Сондықтан біз Халықаралық дзюдо федерациясымен қарым-қатынасты өркендетіп, ынтымақтастықты жандандыруға ниеттіміз, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Мариус Визер Қазақстанда дзюдоны дамытуға қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

— Қазақстанға келу — мен үшін үлкен мәртебе. Сізге және еліңізге дзюдоға ғана емес, әлеуметтік интеграцияның және бейбітшіліктің бірден-бір тетігі саналатын спорттық қозғалысқа қолдау көрсеткеніңізге ризашылығымды білдіремін. Дзюдо қауымдастығының барлық мүшесі ортақ мақсатқа жұмылады. Бұл — қоғамда лайықты орны бар азамат тәрбиелеу, — деді Мариус Визер.

Ол Астанада Халықаралық дзюдо федерациясының ұйытқы болуымен IJF академиясын ашу жоспарларын отырғанын жеткізді. Бұл аймақтағы жоғары санатты жаттықтырушылар мен төрешілерді даярлайтын орталықтардың бірі болмақ.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мариус Визер Қазақстанның Халықаралық дзюдо федерациясымен ұзақмерзімді ынтымақтастығының перспективасы жөнінде пікір алмасты. Бұдан бөлек, 2027 жылы елімізде өтетін дзюдодан Әлем чемпионатына дайындық мәселелерін пысықтады.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Қазақстанда дзюдоны ілгерілетуге қосқан үлесі үшін Мариус Визерді II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

НАРЫҚ

ОНЛАЙН НЕСИЕНІ РЕТТЕУ – АЛАЯҚТЫҚҚА ШЕКТЕУ

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап елімізде онлайн микроқарызды ресімдеу кезінде биометриялық сәйкестендіруді де, электрондық цифрлық қолтаңбаны да міндетті түрде бір мезгілде қолдану енгізіледі. Сонымен қатар микроқаржы ұйымдары клиентке ақша аударғанға дейін банктік шоттың немесе төлем картасының оған тиесілігін анықтауы қажет. Қазір банктер төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру кезінде клиентке тексеру кодын оның ұялы нөміріне жібереді. Ендігі кезекте қаржы ұйымдарына кем дегенде екі әдіс арқылы – биометрия және ЭЦҚ қолдану қажеттілігі туралы талаптар қойылмақ.

(Жалғасы 5-бетте)



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ЖАЙЫЛЫМНАН СӘН, АУЫЛДАН МӘН КЕТТІ МЕ?



→ 6

«ТАНАКӨЗБЕН» КӨҢІЛДІ ЕДІ, БІЗДІҢ ЕРКЕ БАЛА КЕЗ...



→ 8

ҚАТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚАРҚЫН АЛДЫ

Халықаралық интеграция саласындағы биылғы басты бір жаңалық сол, қиырдағы Қатар мемлекеті Қазақстанға мейлінше жақын бола түсті. Бірқатар сарапшы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың күш салуы арқасында еліміз бен Қатар арасындағы ынтымақтастық осы жылы асқар шыңға шыққанын айтып жүр. Қатар инвесторлары еліміздің жетекші банктерінің бірін, ірі ұялы байланыс операторын сатып алды. Елде алып газ өңдеу зауытын тұрғызбақ, Құны миллиард доллар тұратын жобаларын қолға алмақ.

Қатар (Qatar) — жеті қат сырғын ішке бүгіп жатқан жұмбақ ел. Шетелдік ақпарат құралдары бұл елдің билеушісі «патша-король» атайды, шынында Қатарды «әмір» басқаралы: әмір және жоғарғы бас қолбасшы Тамим ибн Хамад ибн Халифа әл-Тани. Қатар әлемде бір ғана елмен — Сауд Арабиясымен шектеседі, елді басқа барлық жағынан Парсы шығанағы құшағына алған. Бұл елдің «жер жәннатындай» тамаша жағажайлары, футуристік заңғар ғимараттарымен, ежелгі Ислам сәулет өнерінің стилінде салынған ультразаманауи нысандармен «көмкерілген» астанасы Доха әлем туризмінің тартылыс орталығына айналды.

(Жалғасы 4-бетте)



31 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

МӘЖІЛІС

МӘЖІЛІС БЮДЖЕТТІ БЕКІТТІ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар 2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет және Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт туралы заңдарды қабылдады. Сондай-ақ биржа саудасы мәселелері туралы заңды екінші оқылымда қабылдап, Қазақстанның ауамақтық қорғанысы туралы заң жобасын ілеспе түзетулерімен бірінші оқылымда мақұлдады.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе – 2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт туралы заң жобаларын қарау. Жалпы отырыс Премьер-Министр Олжас Бектенов пен Үкімет мүшелерінің қатысуымен өтті.

Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров жоспарлы кезеңде Ұлттық қордың таза валюталық активтері 2025 жылы 62,2 млрд долларды, ал 2026-2027 жылдары 69,9-78,7 млрд долларды құрайтынын атап өтті. Республикалық бюджетке алдағы үш жылға арналған кепілдендірілген трансферттің мөлшері жыл сайын 2 трлн тенге көлемінде айқындалады.

– Макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы негізінде 2025-2027 жылдарға арналған бюджет пен Ұлттық қор параметрлерінің болжамы қалыптастырылды. Бұл ретте республикалық бюджет кірісі 2025 жылы 15,6 трлн тенге деңгейінде деп болжанып отыр. 2027 жылға қарай 18,2 трлн тенгеге дейін немесе 16,4 пайызға өсуі мүмкін. Республикалық бюджет шығыстары 2025 жылы 25,8 трлн тенге, 2026 жылы 23,2 трлн тенге, 2027 жылы 24,6 трлн тенгені құрайды, – деді Премьер-Министрдің орынбасары.

Өз кезегінде Қаржы министрі Мәди Такиев бюджеттің өткен жылдардағыдай әлеуметтік бағытта қалып отырғанын атап өтті. 2025 жылы әлеуметтік салаға 9,8 трлн тенге бөлу жоспарланған. Сонымен қатар депутаттардың түзетулерін ескере отырып, республикалық бюджеттен өңірлерге 7,5 трлн тенге бөлінеді. Ал экономиканың нақты секторын дамытуды қолдауға 2,1 трлн тенге қарастырылған.

Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовтің айтуынша, инфляция біртіндеп төмендеп келеді. 2025 жылы ол 5,5-7,5 пайыз аралығында болса, 2026 жылы ол максатты көрсеткішке жақындап, 5-7 пайыз аралығында болады деп болжанып отыр.

Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Еркін Әбіл қосымша баяндамасында алдағы үш жылға арналған республикалық бюджет туралы



заң жобасын әзірлеу барысында депутаттар 250-ден астам түзету енгізгенін айтты.

– Депутаттар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көлік және коммуникациялар, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және тағы да басқа негізгі бағыттар бойынша шығыстарды арттыруды ұсынады. Бұл шығыстар Мемлекет басшысының тапсырмасын орындауға, өңірлерді дамытуға және ел азаматтарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған, – деді Еркін Әбіл.

Сондай-ақ ол депутаттардың бастамасымен 2025 жылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасын жүзеге асыруға және халықты ауызсумен қамтуға қосымша 15 млрд тенге қарастырылатынын жеткізді.

Мәжілістегі саяси партиялардың фракция жетекшілері де заң жобаларына өз бағаларын берді. «AMANAT», «Ауыл», Respublica және Қазақстан Халық партиясы фракциялары қолдап, «Ақ жол» фракциясы қарсылық білдірді, ал Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы фракциясы қалыс қалды.

Талқылау қорытындысы бойынша екі заң да қабылданып, Сенатқа жолданды.

Қорытындылай келе палата Спикері Ерлан Қошанов республикалық бюджет жобасын күрделі экономикалық жағдайға қарамастан, мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемесін орындауға мүмкіндік беретінін баса айтты.

– Біз үш жылдық кезеңге арналған ел бюджетін талқылауды аяқтап, қабылдадық. Бюджетте Мемлекет басшысының Сайлауалды бағдарламасы мен жыл сайынғы Жолдауларында белгіленген бастамаларын іске асыруға баса зер салынды. Бюджеттің жалпы шығыстарының шамамен 40 пайызы әлеуметтік салаға бағытталған. Мәселен, келесі жылы әлеуметтік төлемдер өсіп, төлем алушылар саны артады, – деді Мәжіліс Төрағасы.

Сондай-ақ депутаттар биржа саудасы мәселелері бойынша заңды екінші оқылымда қабылдады. Түзетулерді әзірлеуші Екатерина Смышляева екінші оқылымға дайындық барысында депутаттардан тауар биржаларының лицензияларының қолданылуын тоқтата тұру және одан айыру тәртібін айқындау, клиринг орталықтарының бағдарламалық қамтамасыз етілуіне талаптарды енгізу, әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлардың саудасын ұйымдастыру тәртібін нақтылау, сондай-ақ тауар биржалары жарғылық капиталының тұрақты мән-дерін айқындау жөнінде ұсыныстар түскенін айтты.

Мәжілісмендер «Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы туралы» заң жобасын және оған ілеспе түзетулерді бірінші оқылымда қарады. Оларды депутаттарға Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы Сұлтан Камалетдинов таныстырды. Оның айтуынша, заң жобасы

аумақтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық негіздерін белгілейді.

– Әзірленген нормалар тиісті қаржы бөлінген аумақтық қорғаныс жүйесіне салалық сипат беруге, орталық және жергілікті атқарушы органның ұйымдағы функциясы мен өкілеттігін айқындауға, жеке және заңды тұлғаның осы саладағы құқығы мен міндетін бекітуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар Қорғаныс министрлігіне орталық, жергілікті атқарушы орган, меншік нысанына қарамастан, ұйым қызметін мемлекеттік бақылау функциясын жүктеуге ықпал етеді, – деді С.Камалетдинов.

Жұмыс тобының жетекшісі Максим Рожин өзінің қосымша баяндамасында Қазақстанның қорғаныс жүйесіне «ерікті адам» және «өзін-өзі қорғау құралымдары» деген жаңа ұғымдар енгізілетінін атап өтті. Азаматтардың соғыс жағдайы кезінде өзін-өзі қорғау құрамаларында ерікті қызмет атқару мүмкіндігі қарастырылған.

Есепті тыңдаған депутаттар Үкіметтің жауапты мүшелеріне жоба стандарттарына қатысты сұрақтарын қойды. Талқылау қорытындысы бойынша заң жобалары бірінші оқылымда мақұлданды.

Бұдан бөлек, Мәжіліс Сенаттың «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына енгізген түзетулерімен келісті.

С. БЕГІМБАЙ



ТЕҢГЕ БАҒАМЫНА ҚАТЫСТЫ ТҮСІНІК БЕРДІ

Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов доллар курсына қатысты пікір білдірді. Ұлттық банк басшысының айтуынша, теңге бағамы сұраныс пен ұсыныстың әсеріне қарай қалыптасады. Өйткені ұлттық валюта еркін айналымда болады.

«Курс бағамын ондаған, жүздеген мың адам қалыптастырады. Егер сіз 1 000 доллар сатқан болсаңыз, демек сіз ұсынысты арттырдыңыз, ал сатып алсаңыз, сұранысты арттырып отырсыз», – деп түсіндірді Мәжілістің жалпы отырысы барысында БАҚ өкілдерінің сауалына жауап берген Тимур Сүлейменов.

Ұлттық банктің 30 қазанға арналған ресми бағамы – 1 долларға 491,70 тенге. Ресей рублінің орташа сараланған құны – 5,07 тенге. Еуро – 531,28 тенге.

«Егер АҚШ сайлауы және ОПЕК + шешімінен кейін айтарлықтай геосаяси өзгерістер болмаса және біздің ішкі экономикамызда қандай да бір құбылыс болмаса, менің ойымша, курс бағамы ағымдағы мәнде болады», – деп толықтырды ол.

КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК КОМПАНИЯЛАР ТЕКСЕРІЛМЕК

Жоғары аудиторлық палата басшысы Әлихан Смайылов елімізде қандай компанияларды жақын арада аудиторлық тексерулер күтіп тұрғанын хабарлады.

Мәжіліс кулуарларында Әлихан Смайылов 9 айдың қорытындысы бойынша Жоғары аудиторлық палата 9 трлн теңгеден астам соманы қамтитын 18 аудиторлық іс-шара өткізгенін айтты. «Жыл соңына дейін бірқатар аудиторлық іс-шара өткізу жоспарлануда. Мысалы, желтоқсан айында ауыл шаруашылығын субсидиялаудың тиімділігі мәселесімен Мәжілістің жалпы отырысына келеміз. Сондай-ақ Ұлттық ұланда және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарында аудит жүргіземіз», – деді Смайылов.

Сондай-ақ БАҚ өкілдері квазимемлекеттік секторда тексерулер басталғаны жайында сұрады.

«Ірі квазимемлекеттік компанияларға келетін болсақ, қазіргі уақытта «Қазмұнайгаз», оның ведомстволық бағынысты ұйымдары мен серіктес компанияларында мемлекеттік аудит жүргізілуде. Сондай-ақ біз «Бөйтеректе» және оның ірі ведомстволық бағынысты ұйымдарында, Қазақстан даму банкіне (ҚДБ), «Даму» қорында, «Отбасы банкіне», Аграрлық несие корпорациясында аудитті бастадық», – деді аудиторлық палата басшысы.



Оның айтуынша, тартылатын қарыздардың тиімділігі тексеріледі: бұл қарыздар қайда жіберілді, олар максатты түрде пайдаланылды ма және бұл қаражаттың елге тартылуының қандай әсері бар.

«Осы аудиттердің нәтижелерін келесі жылдың бірінші тоқсанында береміз. Сондай-ақ біз «Самұрық – Қазына» корпоративтік басқару бойынша басшылықтың тиісті тапсырмасына байланысты аудит жүргіземіз», – деді Смайылов.

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙАҚЫ ҚЫСҚАРАДЫ



Қазақстанда мемлекеттік қызметшілерге үнемделген бюджет қаржысы сыйақы түрінде берілмейді. Бұл туралы Қаржы министрі Мәди Такиев мәлім етті.

«Біз қазынашылық тарапынан Қаржы министрлігіне сыйақы ретінде шоттар ішіндегі қаражатты аударуға тыйым салдық. Егер мемлекеттік органдарда қаржы үнемделсе, оны сыйақыға аударуға болмайды», – деді Мәди Такиев.

Министрдің айтуынша, үнемделген қаржы бюджетке қайтарылады. «Біз сыйақы түрінде аударуға болатын 112-ші кодты жауып тастадық», – деп толықтырды М. Такиев.

Айта кетейік, Үкімет Ұлттық қор активтерін 100 млрд долларға ұлғайтуды жоспарлап отыр.

МҰҒАЛІМДЕРМЕН АШЫҚ ӘҢГІМЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Еліміздің барлық өңіріндегі 300-ден астам мектеп мұғалімі, колледждер мен ЖОО оқытушылары, студенттер, ғалымдар, білім беру саласының ардагерлері мен сарапшылар қауымы «АМАНАТ» партиясының «Мұғалім Talks» кейс-платформасында бас қосты. Олар орта және кәсіптік білім беру саласының өзекті мәселелерін талқылап, оны шешу жолдарын ұсынып, өзара тәжірибе алмасты.

Жаңа диалог алаңының алғашқы жиыны Maqсут Narikbayev University кабырғасында өтті. Сөз басында Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов білім беру саласы әрқаз Мемлекет басшысының назарында екенін атап өтті. Сонымен қатар педагогтер «АМАНАТ»-тың тірегі әрі негізгі буыны саналады. Себебі партияның әрбір үшінші мүшесі — педагогика саласының өкілі.

«Президентіміз педагогтер қауымына айрықша көңіл бөледі. Соның бір дәлелі, Республика күні қарсаңында Мемлекет басшысы екі бірдей педагогті «Қазақстанның Еңбек ері» атағымен марапаттады. Қазақстан тарихында тұңғыш рет қатарынан қос ұстаз осындай жоғары марапатқа ие болды. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Президент болған кезінде алғашқы қол қойған заңы да «Педагог мәртебесі туралы» заң болғанына назар аударғым келеді. Айта кетейін, көптеген елдерде мұндай жеке заң жоқ. Осының бәрі біздің қоғамда ұстаздардың мәртебесін көтерудің нақты, айқын мысалы», — деді ол.

Сондай-ақ Ерлан Қошанов білім беру қызметкерлерін қолдау және жалпы педагогика саласын дамыту бағытында жүйелі шаралар қабылданып жатқанын атап өтті. Бұл мәселелерге Президент Жолдауларында және оның



сайлауалды бағдарламасында, сондай-ақ «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасында ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, мұғалімдер мен тәрбиешілердің жалақысы ұлғайтылды, мұғалімдерге академиялық мәртебеге сәйкес үстемеақы төленеді, тұрғын үй мәселелері шешілуде және тағы басқалар.

Сондай-ақ Мәжіліс Спикері қазақстандық оқытушылардың беделді халықаралық байқаулардағы жетістіктерін атап өтті. Соңғы жылдары Қазақстан Халықаралық математикалық олимпиадада 104 елдің ішінде 25-орыннан түскен емес, ал FIDE Халықаралық шахмат олимпиадасында еліміздің әйелдер құрамасы қазақстандық шахмат тарихында алғаш рет күміс жүлдені жеңіп алды. Мемлекет басшысы атап өткендей, пәндік олимпиадаларда жеңіске жеткен оқытушыларды Олимпиада ойындарының жеңімпаздары сынды ұлықтау қажет. Яғни, интеллектуалды ұлт тек терен білім арқылы ғана қалыптасады.

«Бүгінде біз экономикасы дамыған, әділетті әрі табысты мемлекет құру жолындамыз. Оның негізі — прогрессивті, интеллектуалды ұлт, қуатты орта тап. Дәл осындай адамдарды тәрбиелеу — қазіргі мұғалімнің басты миссиясы. Ел болашағы — ұстаз қолында. Осы орайда

депутаттық корпус пен партия әрқашан қастарыңыздан табылып, барлық бастамаларыңызды қолдауға дайын», — деді Ерлан Қошанов.

Сонымен қатар «АМАНАТ» партиясы Төрағасының айтуынша, күн тәртібінде өз шешімін таппай келе жатқан мәселелер де бар. Олар — үш ауысымды және апатты жағдайдағы мектеп мәселесі, мұғалімдерді аттестаттау кезіндегі күрделі процедура және мектептегі қағазбастылық. Сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер арасындағы цифрлық тәуелділіктің артуы да үлкен алаңдаушылық туғызады. Оған қарсы күресте ата-аналар мен ұстаздар қауымының өзара бірлескен іс-әрекеті қажет.

Басқосуда Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев білім беру саласын дамытуға қатысты мәселелерді сапалы шешуде министрліктің, «АМАНАТ» партиясының және депутаттық корпусының бірлескен жұмысы жүргізуінің маңызын атап өтті.

«Соңғы бес жылда білім беру жүйесі түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бұл қадам мұғалімдердің еңбек жағдайын жақсартуға және балаларға жайлы білім беру ортасын құруға бағытталған. Ол өз кезегінде оқыту жұмысын сапалы жүргізуге ықпал етеді. 600 мыңға жуық педагогтің еңбегі жоғары бағаланып, оларға қолдау

көрсету мәселесі мемлекет саясатының басым бағыттарының біріне айналды», — деді министр.

Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжіндегі музыка

кұралдарын дайындадық. Мен үшін оқушымының кедергілерді жеңіп, өз мақсатына жеткенін көруден артық бақыт жоқ», — деді Забида Худатаева.

Бұдан соң Ақтөбе қаласындағы жоғары политехникалық колледждің оқытушысы Дархан Шаңбаев жұмысшы мамандарын даярлау бойынша өз тәжірибесімен бөліссе, Алматыдан келген қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлназ Шәми «Гаджетсіз демалыс» жобасы туралы айтты. Қарағандыдағы Абай атындағы мектеп-гимназияның директоры Жадыра Баймолдина балалар мектепте алғашқы өмір сынағынан өтіп жатқанын, сондықтан мектеп олардың екінші үйіне айналуға тиіс екенін атап өтті. Ал Орал қаласындағы тарих пәнінің мұғалімі Александр Мясников балалардың сыни ойлау қабілетін дамытудағы мектептегі пікірталас қозғалысының маңызы туралы айтты. Петропавлдан келген АӘД мұғалімі Дархан Қоспанов жастарды әскерде қызмет етуге даярлау жұмысы мектеп қабырғасында патриоттарды тәрбиелеуден басталады деген сенімде. Қызылорда облысы Теренөзек ауылынан келген математика пәнінің мұғалімі Заманбек Аманбеков жас әріптестерін ауылда жұмыс істеуге



Бүгінде біз экономикасы дамыған, әділетті әрі табысты мемлекет құру жолындамыз. Оның негізі — прогрессивті, интеллектуалды ұлт, қуатты орта тап. Дәл осындай адамдарды тәрбиелеу — қазіргі мұғалімнің басты миссиясы. Ел болашағы — ұстаз қолында.

пәнінің оқытушысы Забида Худатаева ерекше қажеттілігі бар тәрбиеленушілермен жұмыс істеу кезінде педагогтің қандай қиындықтарға тап болатынына назар аударды. Педагог тәрбиелеген зағип студент Айсулу туралы оқиға баша қатысушыны таңғалдырды.

«Ол маған білім алуға деген ерекше ынтымақ, ерік-жігермен келді. Біздің осынау ортақ жолымыз түрлі қиындыққа толы болды. Біз білім берудің жаңа әдісін әзірлеп, ерекше білім алуға деген қажеттілігі бар балаларға арналған оқу

шакырс, Астанадағы биология пәнінің мұғалімі Лияс Сакимов олимпиадаға дайындық кезінде оқытушыларға қалай қолдау көрсету керек екенін жеткізді. Отырыста белгілі тележүргізуші Ирина Тен модератор болды.

Кездесу соңында бірқатар педагогке кәсіби қызметіндегі еңбегі және қоғамдық жұмысқа қосқан елеулі үлесі үшін ведомстволық наградалар мен «АМАНАТ» партиясының «Ұстаз — ұлт айнасы» арнайы төсбелгісі табысталды.

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНА СЕМИНАР ӨТТІ



«АМАНАТ» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов Мемлекеттік басқару академиясы филиалында облыстық мәслихат депутаттарына «Партия қызметін жүргізудегі мәслихат депутаттарының рөлі мен маңызы» тақырыбында дәріс оқыды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының II республикалық форумында мәслихат депутаттарының біліктілігін жетілдіру, олардың қызметінің тиімділігін арттыру үшін Мемлекеттік басқару академиясымен ынтымақтастық орнатудың маңыздылығын атап өткен болатын.

Бұл орайда «АМАНАТ» партиясы барлық деңгейдегі мәслихаттарда өзінің депутаттық фракцияларын жасақтап, фракция мүшелерінің білік-

тілігін жетілдіру, олардың қызметінің тиімділігін арттыру бағытында партияның қоғамдық саясат институтымен түрлі оқу семинарлар ұйымдастырып келеді. Мұндай оқу семинары бұған дейін де ұйымдастырылып, халық қалаулылары біліктілігін арттырған болатын. Бүгінгі оқу жұмыстары соның жалғасы десек болады.

Кездесуде мәслихат депутаттары тақырып төңірегінде ой-пікірлерін айтып, жалпы жұмысты жетілдірудегі ұсыныстарымен бөлісті.

ЖУАЛЫДАҒЫ КӨШПЕЛІ ЖИЫН

«АМАНАТ» партиясы Жамбыл облыстық филиалы жанындағы Білім мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі аймақтық кеңесінің көшпелі отырысы Жуалы ауданында өтті.



Басқосуға облыс әкімдігі Білім басқармасы басшысының орынбасары Ләззат Қызылқұлова және Жуалы ауданының әкімі Жалғас Мұртаза қатысты.

Кенес отырысында аудандағы білім беру нысандарында күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыс барысы туралы мәселе қаралды. Ол бойынша Білім басқармасы басшысының орынбасары Ләззат Қызылқұлова мен Жуалы ауданының әкімі Жалғас Мұртазаның есепті баяндамалары тыңдалды.

Айта кетейік, Жуалы ауданы №28 Амангелді атындағы орта мектептің ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстарына 381 898 309,59 тенге бөлініп, осы жобаны жүзеге асырушы мердігер ретінде «Тараз-

ҚұрылысИнвест» ЖШС таңдалды. Бұл құрылыс 2024 жылдың 27 тамызына дейін аяқталуы тиіс болатын. Алайда бұл жұмыстар әлі күнге дейін толық аяқталған жоқ. Десе де, сала мамандарының тиісті жұмыстарының нәтижесінде құрылыс 31 қазанға толықтай аяқталады деп күтілуде.

Сонымен қатар осында 3 жыл бұрын Дихан ауылындағы №27 Дикан орта мектебіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Бірақ бүгінгі күні ол білім нысанының жағдайы сын көтермейді. Құрылысқа жауапты мердігер «ҚазМұнайҚұрылыс» ЖШС кепіл арқылы олқылықтың орнын толтырудан жалтарып жүр. Алдағы уақытта бұл мәселе құзырлы органдарға жеткізіліп, онтайлы шешілуі партия назарында болады.

ДАМУ

31 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ



Мемлекет басшысының бастамасымен Астана «Араб үйлестіру тобын» жинады, оған Ислам даму банкі бастап, Парсы шығанағының мемлекеттік қорлары, даму институттары басшылары келді. Олар Қазақстанға 7-10 миллиард доллар инвестиция салуға дайын. Үкімет кез келген елден сапалы инвестиция тартуға жұмыс істейді. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры да Үкіметтен сондай тапсырма алыпты.

Қазақстанның Қатардағы елшілігі ел Президентінің баса мән беруі арқасында биыл шынында да қос мемлекеттің ынтымақтастығына соны серпін берілгенін растады. Бұл ретте ықпалдастық әр алуан саланы қамтиды. Мысалы, екі ел еркін экономикалық аймақтарды дамыту бойынша өзара тәжірибе алмасадy, киберқауіпсіздік, спорт, мәдениет, білім беру және басқа да салада ынтымақтастық орнатып жатыр.

Елшіліктің мәліметінше, Қазақстан мен Қатар арасындағы өзара саудасаттық бұған дейін бірқалыпты болды. 2021 жылы өзара тауарайналым – 6 млн 339,6 мың, 2022 жылы – 6 млн 642 мың, 2023 жылы 9,9 млн долларды құраған. Биылғы жылы бұл көрсеткіш

Екіншіден, Tele2 брендіне ие «Мобайл Телеком-Сервис» компаниясын «Қазактелеком» акционерлік қоғамы қатарлық Power International Holding Ltd компаниясына сатты. Цифрлық даму вице-министрі Ростислав Коняшкиннің айтуынша, қатарлық инвестор елімізде дәстүрлі 4G сыртында, 5G байланысын дамытады.

Ал Цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің мәліметінше, «Мобайл Телеком-Сервис» мобилді операторын қатарлықтар 1,1 миллиард долларға сатып алды. «Қазактелеком» 2019 жылы аталған ұлы операторды сатып алуға 255 миллиард тенге жұмсаған екен. Ендеше оны шамамен екі есе қымбатқа өткізіп отыр. Мәміле отандық телекоммуникация саласына озық технологияларды енгізуге, телекоммуникациялық инфрақұрылымды кеңейтуге, бизнес-процестерді халықаралық стандарттарға сәйкес оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Кейінгі үш жоба бойынша қатарлықтар Қазақстанда қуаттылығы жылына 1 млрд, 2,5 млрд және 6 миллиард текше метр болатын үш газ өңдеу зауытын салады. Бұл жобалар Қашаған кен орнының газын алауда

кейін 300-ден астам жаңа жұмыс орнын құру жоспарланған. Жалпы, жобаны іске асыру өңтүстік, орталық және солтүстік өңірлердің ұлғайып бара жатқан көгілдір отынға деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға және экспорттық көлемді қолдауға мүмкіндік береді.

Жетіншіден, қатарлық инвесторлар «КС-14 жаңа компрессорлық стансасы» мен «КС-14—Қостанай—Ақтөбе» магистралды газ құбырын салады. Жоба Қостанай қаласы мен облысының тұрғындарын газбен жабдықтауға, сондай-ақ елдің газ тасымалдау жүйесінің өткізу қуатын арттыруға бағдарланған. Құрылыс кезеңінде 2 мыңға, содан соң 400-ге жуық жаңа жұмыс орны құрылмақ. Жоба Қостанай облысын және жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарын газбен жабдықтайдy. Яғни, шекаралық өндіріс өркендетуге үлес қосуды тиіс. Өлкенің энергетикалық қауіпсіздігін арттырады, газ қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Соттар Қызылорда облысында Бу-газ қондырғысына негізделген электр стансасын салу жобасын жүзеге асырады. Осы арқылы бұл ел Қазақстанда жасыл энергетиканы дамытады. Жоба аясында жаңа маневрлік қуаттарды енгізу үшін бу-газ қондырғысын салу, сондай-ақ «Қызылорда Шымкент» және «Қызылорда Жезқазған» электр беру желілерін тарту қарастырылған. Құрылыс кезеңінде 2 мыңға, пайдалану кезеңінде 500-ге жуық жаңа жұмыс орны құрылмақ. Жоба еліміздің Бірыңғай энергетикалық жүйесінің өңтүстік бөлігінде энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, электр стансалары үшін жаңа инфрақұрылым құрады.

Тоғызыншыдан, қатарлықтар елімізде, Ертіс өзенінде қуаты 350 мегаваттқа дейін жететін су электр стансасын тұрғызады. Жоба жаңа маневрлік қуаттарды енгізу, сондай-ақ Шұлбі су электр стансасының контрреттеу функциясын орындау мақсатында әзірленді. Жобаны іске

А Айхан ШӘРІП

(Басы 1-бетте)

ҚАТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚАРҚЫН АЛДЫ

Айтпақшы, Қатар – Қазақстанның еңбек мигранттарын жұмысқа орналастыру туралы біздің елмен екі-жақты келісім бекіткен жалғыз мемлекет. Мысалы, қазақ қызы Жұлдыз Ғалиакпар – осы елдің Qatar Shell GTL Limited Co компаниясының әлеуметтік қызмет және әлеуметтік инвестициялар саласының жетекшісі. Раушан Баева – Қатардағы North Oil Company бұрғылау жөніндегі инженерлер тобының басшысы. Зарина Дүйсенғұлова болса, Qatar Shell GTL Limited Co. корпоративтік басқару және логистика сатып алулары тобының директоры. Қазақ өрендерінің Қатардағы табыс тарихын тізе беруге болады.

Екі ел басшылығының ынтымақтастығы да тығыз. 2024 жылғы 14 ақпанда Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар әмірінің шақыруымен осы елге тұңғыш рет мемлекеттік сапармен барып қайтты. Қос елдің лидерлері енді үнемі телефонмен тілдесіп, өзара құттықтау жеделхатын алмасып тұрады. 2024 жылғы 3 шілдеде Қатар әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни Астанаға сапарлап келді, ШЫҰ саммитіне қатысты. Бұл ел Қазақстанның халықаралық бастамаларын қолдап келеді. Тоқаев Қатарды Қазақстанның ендігі ең жақын серіктесінің бірі деп бағалады және екі елдің мақсаттары ортақ, тілеулес екенін атап өтті.

ЖҰМБАК ЕЛДІН НИЕТІ АЙКЫН

Қазіргі кезде екі елдің парламенттері Қазақстан мен Қатардың қарым-қатынасын нығайтатын келісімдердің тұтас топтамасын ратификациялап,

Көрелмаушылық па, әлде басқа ма, әлдекімдер қоғамда «қатарлық инвестициялардың артында қазақстандық олигархтар тұрғаны» туралы қауесет өртен қаулауға талпынды. Жуырда бұл алып-қашпа сөзді Парламент мінберінен оппозициялық депутат Ермұрат Бапи көтерді.

«Қатармен жасалып жатқан стратегиялық әріптестік, әрине, құптарлық дүние, қалай болғанда да бұл мұсылман елі. Бірақ бұл елден аяқ астынан келіп жатқан ұлан-ғайыр инвестиция «не қылған батпан құйрық?» деген сұрақ туындайды. Соңғы кездегі бұл елмен әріптестіктің, инвестициялық жаңа жобалардың артында «ескі Қазақстан түр» деген қоғамда пікір де бар. Жуып-шайып, ол ақшасын қайтадан алып кететін шығар», – деді депутат Бапи.

Еліміздің бас экономисі Нұрлан Байбазаров бұл қауесетті жоққа шығарды. Оның айтуынша, қазақстандық банкті, ұялы байланыс операторын сатып алып, оны дамытуға қаржы құюы, ірі зауыт-кәсіпорын жобаларын қолға алуы қатарлық инвесторлардың ұзаққа келгенін

екі есеге дейін өседі деп күтіледі. Қатар бұған дейін Қазақстанға 75,9 млн доллар ғана инвестиция салыпты. Енді бұл көрсеткіш миллиардпен есептелмек.

ДОСТЫҚТЫҢ ТҰҒЫРЛЫ 9 ЖОБАСЫ

Қазақстан аумағында іске асырылатын жобаларға қатарлық компаниялардың инвестиция салу шарттарының тізбесіне сәйкес, елімізге жалпы сомасы 18-20 миллиард доллардай инвестиция тартылады. Келісімдер бойынша Қатар инвесторлары елімізде телекоммуникация, энергетика, газ өндіру және тасымалдау, қаржы салаларын қоса алғанда 9 бірлескен инвестжобаны іске асырады.

Біріншіден, 2024 жылғы қазан айында «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі мен қатарлық Lesha Bank LLC Bereke Bank АҚ-ның 100% акциясын сату-сатып алу мәмілесін толық аяқтады. Бұдан былай Береке банкі қатарлық ірі қаржылық холдингінің құрамына кіреді.

босқа жақпай, қазынасын ұтымды пайдалануға, сондай-ақ елдің ішкі қажеттіліктерін өтеу үшін тауарлық газ өндірісін ұлғайтуға бағытталған. Газ өңдеу зауыттарының іске қосылуы елімізде жылына 6,9 миллиард текше метр тауарлық газды, 410 мың тонна сұйытылған көмірсүтек газын, 60 мың тонна газ конденсатын және 770 мың тонна күкірт өндіруге жол ашады. Вице-премьер Нұрлан Байбазаровтың дерегіне, газ өңдеу зауыттарының әрқайсысында құрылыс кезеңінде – 2 мың, пайдалану кезеңінде 600-ден астам жаңа жұмыс орны құрылады.

Алтыншыдан, қатарлықтар «Бейнеу–Бозой–Шымкент» магистралды газ құбырының екінші желісін салып береді. Жобаны іске асыру еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ газ тасымалдау жүйесінің өткізу қуатын ұлғайтуды, Қытай бағыты бойынша газ экспортының көлемін сақтауды, Алматы жылу электр орталығын газға ауыстыруды қамтамасыз етеді. Құрылыс кезеңінде 4 мыңға жуық,

асыру Шұлбі су электр стансасының тиімділігін 1 050 мегаваттқа дейін ұлғайтуға, сондай-ақ Ертіс өзенінің ағысы бойынша қысқы кезеңде су тасқыны ықтималдығын жоюға мүмкіндік береді. Құрылыс кезеңінде – 800, пайдалану кезеңінде 150 жаңа жұмыс орнын құру жоспарланған.

Айтпақшы, Қазақстан мен Қатар «Әскери ынтымақтастық туралы келісімді» де бекітті. Оған сәйкес, мұсылман екі ел әскери білім беру, әскери ғылым, әскери медицина, мәдени және спорттық іс-шаралар, бейбітшілікті қолдау операциялары, жауынгерлік даярлық, өзге салаларда әскери ынтымақтастықты жолға қояды.

Дүниежүзілік қару-жарак саудасын талдау орталығының ақпаратынша, Қатар соңғы жылдары әлемдегі ең ірі қару-жарак пен әскери техника импорттаушыларының бестігіне кірді. Соңғы жеті жылда 12 елден озық қару-жарак алған. Бір ғана Америкадан 11,6 миллиард, Франциядан 6,1 миллиард долларға қару-жарак пен әскери техника алғызды.

Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Ақан Рахметуллиннің айтуынша, болашақта Қатармен жасанды интеллект, аппараттық технологиялар, құқық, еңбек, әлеуметтік қорғау, жемқорлықтың алдын алу, газ, мұнай өндірісі салаларында келісімшарттар жасау көзделген.

Мұнай мен газдың қоры жөнінен әлемде 13-орында тұрған Қатар қара алтын өндірісінен аулақтап, цифрлық технологиялар мен шикізаттық емес табыс көздеріне көшіп алды. Ақан Рахметуллин белсенді дамып, тұрақты өрлеген бұл елмен өзара іс-қимылдың әлі де көптеген саласын тындай игерген жөн екенін айтады. Ендеше «Досын болса Қатардан, қалдырмайды қатардан» деуге болатындай.

Қазақстан аумағында іске асырылатын жобаларға қатарлық компаниялардың инвестиция салу шарттарының тізбесіне сәйкес, елімізге жалпы сомасы 18-20 миллиард доллардай инвестиция тартылады. Келісімдер бойынша Қатар инвесторлары елімізде телекоммуникация, энергетика, газ өндіру және тасымалдау, қаржы салаларын қоса алғанда 9 бірлескен инвестжобаны іске асырады.

өзара ынтымақтастықтың жаңа тарихының заңдық тұғырын қалап жатыр. Соның бастысының бірі – «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы басым салалардағы жобаларды дамыту үшін ұзақмерзімді стратегиялық әріптестік орнату туралы келісім». Оны ел Парламенті ратификациялады.

Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаровтың айтуынша, биылғы жылдың елеулі олжасының бірі де осы: Қатар бейнесінде Қазақ елінің жаңа стратегиялық серіктесі пайда болды. Таңғаларлығы сол, тек бір ғана Қатар елі қазақстандық экономикаға 20 миллиард доллар инвестиция құятын болды. Салыстырсақ, Қазақстанға оның дүниежүзіндегі барлық серіктес елінен 2023 жылы келген тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі небары 23,4 млрд долларды құраған.

және мақсат-ниетінің салмақты, айқын екенін паш етеді.

– Халықаралық келісімді барлық мүдделі мемлекеттік орган қарайды, құзырлы органдар сараптамадан өткізеді. Сондықтан бұл жерде ақша жылыстату тәуекелі жоқ деп ойлаймын. Жалпы, бұл жерде ешқандай «ескі Қазақстан» жоқ! Қатар мемлекеті қазір жалғыз Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде осындай белсенді инвестициялық саясатын ілгерілетіп жатыр. Олар Еуропаның футбол клубтарына дейін сатып алды. Бай мемлекет өз байлығын дүниежүзін дамытуға инвестициялайды. Ол дұрыс. Бұл инвестициядан біз де барынша мол алып қалуымыз керек. Ел экономикасына салып жатқан инвестициясы үшін оларға алғыс айтуымыз керек, – дейді Нұрлан Серікқұлы.

Ол Президенттің Қазақстан экономикасын екі еселеу міндетін қойғанын еске салды, мұратқа жету үшін мол инвестиция керек. Жақында



НАРЫҚ

31 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

(Басы 1-бетте)

Кәмила
ЕРКІН

Жуырда Мәжілісте бүгінде әрбір екінші қазақстандық банк қызметкерімен интернет-алаяқтарға тосқауыл шалатыны жайында мәселе көтерілген. Депутаттар онлайн несие беруге тыйым салу арқылы интернет-алаяқтарға тосқауыл қоюға болады деп есептейді. Сондай-ақ Парламент өкілдері есірткіге тәуелді және психикалық денсаулығы нашар адамдарды несиеулеу құқығымен шектеу керек деп санайды.

«АМАНАТ» фракциясының депутаты Никита Шаталов: «Мұндай алаяқтық схемалар онлайн несиеулеудің қолжетімділігі мен қарапайымдылығына байланысты деген пікір бар. Бір топ қоғам қайраткерлері Қазақстанда онлайн кредиттерге тыйым салу туралы петиция да жариялаған болатын. Жұмыс тобы депутаттардың онлайн кредиттер беруге тыйым салу туралы ұсыныстарын да қарайды. Біз осы түзету бойынша Үкіметтің қорытындысын күтеміз», — деген болатын.

Депутаттық сауалға жауап ретінде Ұлттық Банк төрағасы Тимур Сүлейменов банктерге онлайн-кредиттерді ресімдеу кезінде өтінім берілгеннен кейін 1 күн ішінде жауап беру тәсілін ұсынды. Бұл клиентке алаяқтық себебінен өзіне жүктелген несиеден бас тартуға мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде азаматтардың қарыз алудан ерікті түрде бас тартуға құқығы бар. Ұлттық Банк мәліметіне сүйенсек, бұл мүмкіндікті 700 мыңға жуық азамат пайдаланған.

Ал толықтай тыйым салу мәселесіне қатысты Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова мұндай түбегейлі шараларды қолдану мүмкін емес деген пікірімен бөлісіп отыр.

«Қазір қаржылық, банктік қызметтер қосымшалар арқылы онлайн режимінде көрсетіледі. Барлық қызметтерді цифрландыру жүргізілді. Бұл көптеген қазақстандықтардың мүддесін қозғайды. Сондықтан оған тікелей тыйым салу туралы шешім шығаруға әлі ерте деп есептейміз», — деді ол.

Өз кезегінде Ұлттық Банк төрағасының орынбасары Виталий Тутушкин онлайн-кредиттерге тыйым салуды «кері қадам» деп атады. «Электрондық банктік қызмет көрсетуге толық тыйым салу, әсіресе банктік қызметтерді ғана емес, басқа да мемлекеттік қызметтерді цифрландыру жағдайында кері ка-



ОНЛАЙН НЕСИЕНІ РЕТТЕУ – АЛАЯҚТЫҚҚА ШЕКТЕУ

дам. Банктік қызметтерді электрондық тәсілмен ұсынуды бақылауды қатаңдату қажет. Былтырғы жылдың шілде айының соңында антифрод-орталық іске қосылды, іске қосылған сәттен бастап 600 млн теңгеге дейінгі сомаға 5,5 мыңнан астам оқиға өңделді. Оның 17 млн теңгесі өз еркімен қайтарылды. Бұл орталықтың одан әрі жұмысы алаяқтық деңгейін төмендетуге ықпал етеді. ҰҚК антифрод-Орталығына, оның жұмысына әлі қатыспайтын ұялы операторларға қосылу пысықталуда», — деді ол.

Ал Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Ирина Кушнарева онлайн-несиеге тыйым салуға және «салқындату кезеңін» енгізуге қатысты шешім қабылдауға неге асықпау керектігін алға тартты.

«Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заңын қарау кезінде алған тәжірибемізді, жұбайының (зайыбының) келісімінсіз несие алуға тыйым салу

үшін заңнамаға өзгерістер енгізуді және осыған ұқсас бастамаларды ескере отырып, қаржы қызметі және қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында ұсынылатын барлық өзгерістер бейінді мемлекеттік органдардың, яғни Ұлттық Банк мен ҚНРДА, қаржы ұйымдары және Парламент депутаттарымен егжей-тегжейлі сындарлы талқылаудан өтуі қажет», — деген пікірде.

Одан бөлек, заңнамада «онлайн-кредит» немесе «онлайн-кредит беру» туралы анықтама жоқ. Сондықтан қа-

шықтықтан несие беруден бас тарту мәселесі қарыз алушылар тарапынан рәсімнің ыңғайлылығына, жылдамдығына және қарапайымдылығына үйренген миллиондаған қаржы қызметтерін тұтынушылардың мүдделерін қозғайтын одан да күрделі процесс дейлі сарапшы. ЕДБ тарапынан бұл оңай болып көрінгенімен, шын мәнісінде

әрбір шағын несие беру, соның ішінде тауарды бөліп төлеуге сатудың артында ішкі шектеулер мен тәуекелді бағалау бойынша технологиялық күрделі процедуралар бар.

Сонымен қатар қаржы мамандары алаяқтардың әсерінен клиенттердің ақша жоғалтуы немесе несие алуына қатысты депутаттардың мәселе көтеруі орынды екенін айтады. Дегенмен «статистика бойынша мұндай жағдайлардың жиілігі оннан бір пайыздан аз, ал тыйым барлығына әсер етеді» дейді ол.

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, «салқындату кезеңі», мысалы, Ресей Федерациясында кездеседі. Бірақ клиент белгілі бір алаяқтық шоттарға аударғысы келген жағдайларда ғана қаражатты аудару мерзіміне шектеу қойылады. Ал мұндай шоттардың тізімін РФ Орталық Банкі жүргізеді және ол барлық банктерге қолжетімді болады. Мұндай шоттардың базасы жаңартылып отырды, сондай-ақ банктер клиенттің төлемін екі күнге дейін тоқтатуға және оған ескертуге міндетті.

Десе де, соңғы кезде еліміздегі тұтынушылық несиегердің үлесінің жыл сайын артуы қалыпты үрдіске айналып отыр. Оған қаржы нарығындағы инновациялық технологиялардың әсері бары анық. Салыстыра айтқанда, 2024 жылдың басынан бастап банктердің жалпы несие портфеліндегі бұл қарыздардың үлесі 34,6%-дан 38,3%-ға дейін ұлғайып, 12,85 трлн теңгеге дейін өскен. Сонымен қатар Ұлттық Банк статистикасына сүйенсек, қыркүйек айының қорытындысы бойынша бизнеске берілген несиегердің үлесі жыл басындағы 44%-дан 42%-ға дейін төмендеді.

Естеріңізге сала кетейік, былтыр Мемлекет басшысы «экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту және халықтың кредиттелуін төмендету» жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойған еді. 2024 жылдың маусымында осы Жарлық аясында қолданыстағы банктік нормативтерге үлкен түзетулер қабылданды. Алайда Halyk Finance сарапшыларының пікірінше, несие беруді реттеу саласындағы тендендіктерге жоғары базалық мөлшерлеме, жеңілдетілген кредит беру бағдарламалары арқылы мемлекеттің қаржы секторына араласуы және ШОБ секторының жалпы дамуына тікелей әсер етеді деп есептейді.

Қазір банктік несие қоржынының жалпы көлемі — 33,5 трлн теңге. Бұл көрсеткіш соңғы бір жылда 21,2%-ға ұлғайған. Ал халыққа берілетін кредиттер портфелі жылына 24,5%-ға (айына 1,5%-ға) артып, 19,4 трлн теңгеге жеткен.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ – ҚАЖЕТ ДАҒДЫ

Қазақстанда 9 миллионға жуық адам қарызға өмір сүріп жатыр. Дамушы мемлекеттен Орталық Азия державасына айналдық, «Бәсекеге қабілетті ел боламыз» деп бір жақта – Үкімет, екінші жақта – қарызды қарызбен жауып жатқан қарапайым халық: қазіргі қоғамдағы парадоксалды картина осындай. Статистикалық көрсеткіштер биыл қазақстандықтардың қарызы 21 триллион теңгеден асқанын көрсетіп отыр. Оның жартысын тұтынушылық мақсатта алынған несиелер құрауда. Алған қарызын банкке бере алмай жүрген азаматтардың да қатары өскен. Қазақстандағы қайтарылмай жатқан проблемалық берешектердің жалпы көлемі 738 миллиард теңгеге жеткен.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Бірінші кредиттік бюроның бас директоры Руслан Омаровтың айтуынша, соңғы кезде халық тарапынан тұтынушылық несие алу үрдісі белен алып кетті. «Қазақстан бойынша 561 мың адамның ипотекасы бар. Автокөлікке кредиттің орташа сомасы 6,1 млн теңгені, ал ең жоғары сомасы — 731 млн теңгені құрады. 2024 жылдың 6 айында қазақстандықтар 7,6 трлн теңгеге кредит рәсімдеді. Кепілсіз тұтынушылық несиелер көлемі 5,1 трлн теңгені құрайды. Ашығын айту керек, жыл сайын жоғары оқу орындарына бөлінетін білім гранты азайып келеді. Сөйкесінше, ата-ана баласын оқыту үшін банкке барып кредит алады. Сонымен қатар ипотекалық несиелер көрсеткіші де өсіп отыр. Азаматтар тұрғын үй алуға кредит алады, кейін одан құтылу үшін тағы қарызданады. Үшіншіден, автоне- сие алушылар үлесі де көбейді», — дейді спикер.

Естеріңізде болса, былтыр «АМАНАТ» партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асырған болатын. Қарыз қамытына кірген азаматтар былтыр «АМАНАТ» партиясының кеңсесіне келіп, бес күндік оқытудан өту арқылы тегін заңгер көмегін алып келді. Аталған

жобаның Атыраудағы менторы Ақан Қайырғалиевтің айтуынша, «Қарызсыз қоғам» көптеген атыраулықтың өмірін өзгертуге себепкер болған.

— Банктен қарыз алған соң, оны қалайда еселеп қайтару қажет болады. Себебі банк те кәсіпкердің бірі ғой, ол да табыс табуды ойлайды. Міне, азаматтарымыз осы жағын ескермей жатады. Біреулер тіпті жалақыны қолма-қол алсақ мәселе шешіледі деп ойлайды. Осылайша, өздерінің зейнетақы мен міндетті медициналық сақтандыру қорларына қазірден қол сұғып жатыр. Ал қарыз қайтарылмай шот ашылмайтыны бесенеден белгілі нәрсе. Керек десеңіз, қазір жұмыс берушілер азаматтардың банктегі есепшоттары бұғатталмағаны жөнінде анықтама сұрайтын болды. Мұның бәрі тектен-тек емес.

Тағы бір мәселе, адамдар кредит аларда болашақта оны қалай төлейтіндігіне бас ауыртпайды. Мәселен, Теңіз, Қарабатан секілді ірі кен орындарында ауысыммен жұмыс істеп жүргендер ағымдағы жалақы есебінен миллиондап несие рәсімдеп, кейін қысқартуға ұшырады. Енді қарыздан құтыла алмай жүр. Дәл осылай алдағы уақытта қиындыққа тап бола қалған жағдайда кредитті төлей алу мүмкіндігін ойлау керек. Сондықтан маман ретінде айтар ақылым, несие алғанда ай сайынғы төлем мөлшерін



жалақының 20 пайызынан асырмаған дұрыс, — дейді ол.

«АМАНАТ» партиясы қолға алған «Қарызсыз қоғам» жобасының тек борышкерлерге ғана емес, қарапайым халықтың қаржылық сауатын арттыруға да көмегі көп екен. Жоба Алматы, Жамбыл, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстарында пилоттық режимде енгізіліпті. Нәтижесінде, 65 мыңға жуық адам арнайы курстан өтіп, сауат ашқан. Ал биыл еліміздің барлық аймағы мен үш республикалық маңызы бар қаласында жалғасын табуда.

Шыны керек, бесік тойдан бастап, үйлену тойын да қарыз алып, несиеге жасауды үйренген халқымыз қаржылық сауаттылық тақырыбына аса бас ауырта бермейді. Бірақ бұл өте маңызды шешім екен. Қаржылық кеңесші Сандуғаш Құсайынова ең алдымен қолда бар қаражатты жинап үйрену қажеттігін айтады. Себебі ақша санағанды жақсы көреді. Бүгінде қаржы үнемдеудің жалғыз ғана жолы бар, бұл — жинақтау.

— Банктен кредит алғанша, оны ерте кезден жинаған анағұрлым тиімді. Мен мұны көпжылғы тәжірибем сүйеніп айтып отырмын. Ал қаржыны жинаудың бір жолы — сақтандыру. Яғни, кез

келген адам өз өмірін келенсіз жайттардан сақтандыра отырып, экономикалық жағдайын жақсартып алуға мүмкіндігі бар. Жалпы, бүгінге дейін ел азаматтары бұл үрдіске немқұрайды қарап келгені жасырын емес. Өйткені біз дамушы мемлекетпіз. Сондықтан дамыған елдерден үйренеріміз көп. Соның бірі — сақтандыру мәдениеті. Бұрынғыдай емес, қазір бұл салаға ақша құйып жатқан қазақстандықтар қатары көбейіп келеді, — дейді ол.

Әйгерім Шәймерденова — үш баланың анасы. Оның басында қазір ипотека қосқанда, төрт банкте несиесі бар. «Өзім бес жерде жұмыс істеймін. Оның ішінде бір жұмысқа тұрақты барып, таңнан кешке дейін атқарамын. Қалған төрт жұмысымды қашықтықтан жасаймын. Айына 1 миллионға жуық табыс табамын. Бірақ оның 650 мың теңгесі кредит жабуға кетеді. Екі балам мектепте оқиды. Қазір бөліссіздер, балаларды қосымша оқытпасақ тағы болмайды. Болашақта мен сияқты қиналмасым деп, екі баламды қосымша оқытамын. Ақылы да, тегін де үйірмелері бар. Кішкентайымды тіпті балабақшаға да бере алмай отырмын. Көйбне өзімнен бірге жұмысқа алып кетемін. Жасы төртке келіп қалды. Мемлекеттік балабақшаға әлі кезегі жет-

педі. Жеке балабақшалар ұшынып тұр. Үлкен екі балама инвестиция құямын деп, кішісін ешқайда бермей отырғанымның себебі осы. Жолдасыммен ажырасып кеткенмін. Алимент алмаймын. Сотқа бастапқыда алиментке өтініш жазғаныммен, аяғы сиырқұйымшақтанып кетті. Оның артын қуып жүретін уақытым да жоқ. Осылай бір үйдің барлық қамытын өзім мойныма алып отырмын. Кейде өмірдің барлығы осылай қарыз төлеумен өтіп кететін сияқты көрінеді», — дейді қала тұрғыны.

Дегенмен сарапшылар қарызсыз өмір сүруге болатынын айтады. Ол үшін ерік-жігер және нақты жоспар мен қамдам қажет.

«Ең бірінші, ай сайынғы кірістеріңіз бен шығыстарыңызды жазыңыз. Бюджет жасау арқылы қаржылық жағдайыңызды бақылауда ұстай аласыз. Әрі қажетсіз шығыстарды азайтасыз. Медициналық, тұрмыстық сияқты жедел шығындарға резервтік қор құрыңыз.

Тағы бір қарапайым ереже — кредит алмаңыз. Қосымша табыс көзін іздеп, ақша жинаңыз. Кредиттерді қосымша табыс арқылы алдын ала жабуға тырысыңыз. Қаржылық сауаттылығыңызды дамытып отыруды әдетке айналдырыңыз. Қаржылық білім ақшаның тиімді пайдалануға үйретеді», — дейді қаржыгер мамандар.

«Қарызсыз қоғам» жобасының жетекшісі Ақмарал Бекмұрзаеваның айтуынша, қаржылық сауаттылықты арттыру үшін қаржылық мәдениетті қалыптастыру маңызды. «Тиісті министрліктер мектептер мен жоғары оқу орындарының базасында қаржылық сауаттылықты енгізуге тиіс. Бұл — қазіргі әлем жағдайындағы ең қажетті негізгі дағды. Толық тиімді нәтижеге көл жеткізу үшін бәріміз бірге жұмыс істеуіміз керек. Дамыған елдер ондаған жылдардан кейін қаржылық сауаттылыққа көл жеткізді, бұл ұзақ және кешенділікті қажет ететін қажырлы еңбек», — дейді спикер.

Қалай десек те, қарызсыз өмір сүру үшін қаржылық сауат және тұрақты табыс керек. Сол үшін де азаматтарымыз хобби табысқа айналдырудың жолдарын іздестіруі қажет.

АЙМАҚ

31 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ



ОТАЛЫП ЖАТҚАН ОРМАН КӨП

2021 жылы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылға дейін 2 млрд ағаш егу туралы Үкіметке тапсырма берген болатын. Осы тапсырманы орындау барысында орман алқаптарына ағаш егу жұмыстары көптеме де, күзде де ұйымдастырылып жүр. Ағашты егуін егіп жатырмыз-ау, соның өсіп жатқаны бар ма? Егілген ағаштың күтімін қарап, жерсініп кеткеніне көз жеткізген біреу бар ма? Басқа өңірді қайда БҚО-ның өзінде ағаш аз егіліп жатқан жоқ. Бірақ жайқалып өскенін, ну орманға айналғанын әлі көрмедік. Керісінше, оталып жатқан орман көп. Бір қолмен егіп, екінші қолымен орманды отап жатқаны қалай? Бұл сұрақ экобелсенділердің өздерін таңғалдырып отыр?

А Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА, Батыс Қазақстан облысы

Жоғарыда аталған Президент тапсырмасына сәйкес, 2021–2024 жылдары елімізде 852,9 мың гектар аумақта 1,79 миллиард ағаш отырғызу жоспарланған. Ағаштың ең көбі – 328,7 миллион түпті Қызылорда облысында егу жоспарланса, ең аз ағаш егілетін аймақтар ретінде Атырау және Маңғыстау облыстары белгіленген. Тіпті, осы жоба аясында Арал теңізінің маңына сексеуіл егу жұмысы ұйымдастырылады дегендері де бар. Бұл туралы сол кездегі Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев: «Орман қорында 2 миллиардтан астам ағаш отырғызу жұмыстары жалғасуда. 5 жылға арналған кешенді жоспарлар бекітілді. Орманды толықтыруды бақылау мен мониторингілеуге арналған интерактивті карта жасалды. Атап айтқанда, бүгінгі таңда жоспарланған 129 млн ағаштың 89 миллионы отырғызылды. Биыл сексеуіл егу 100 мың гектар алқапта, келесі



4 жылда жыл сайын 250 мың гектар алқапта жүргізілетін болады. Өзбекстан Республикасының он жетірінісін қолдана отырып, біз алғаш рет сексеуілді агро егуді жүргізуді жоспарлап отырғанымызды атап өтуіміз қажет. Ғылымға тиісті жол картасына қол қойылды», – депті.

Бұл ағаштардың қанша пайызы жерсінді? Аралдағы сексеуілдің жайы не болды? Өзге өңірді қайда Батыс Қазақстан облысында егілген ағаштардың жерсіндіуі өте төмен. Мамандар солай деп отыр.

Облыста 5 жыл ішінде 56,57 миллион түп ағаш отырғызу жоспарланған. Осы үшін жергілікті бюджеттен 2,64 миллиард теңге қаражат қарастырылған. Оның ішінде 836,5 миллион теңге ағаш көшетін отырғызуға, 155,5 миллион теңге жобалау-іздірету жұмысына, 141,4 миллион теңге теректерді өсіруге, ал 1,5 миллиард теңге

техника мен жабдық сатып алуға бөлінген.

2021–2022 жылдары егілген ағаштар дәл қазір қандай жағдайда? Жерсінді ме? Өкінішке қарай, ағаштардың тек аз бөлігі ғана жерсінген.

– БҚО орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы егілген көшеттерді қабылдайды. Бір жылдан кейін екі елдердің жерсіндіуі тексеріледі. Қолдағы құжаттар бойынша көрсеткіш – 41,8 пайыз. Содан кейін күтім мәселесі туындайды. Қазір беріліп жатқан жерлердің көбі елді мекендер аумағында орналасқандықтан ағаштардың өсуіне малдың жайылуы кедергі келтіріп тұр. Бұл жерде су мәселесі де бар. Сонымен қатар ағаш егілген алқаптарды қоршап, тамшылата суару жүйесі қарастырылса, жерсіндіуі көрсеткішінің 80 пайызға дейін артады, – дейді облыстық Табиғи ресурстар және



2021-2024 жылдары елімізде 852,9 мың гектар аумақта 1,79 миллиард ағаш отырғызу жоспарланған. Ағаштың ең көбі – 328,7 миллион түпті Қызылорда облысында егу жоспарланса, ең аз ағаш егілетін аймақтар ретінде Атырау және Маңғыстау облыстары белгіленген.

табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысының орынбасары Дархан Закарин.

Экобелсенділер болса егілген ағаштардың жерсінбеуіне мамандардың біліктілігі де себеп болып отыр дегенді айтады.

– Ағаш егіп жатқандар кәсіби мамандар емес, олар орман шаруашылығы саласынан ештеңе түсінбейді. Осының кесірінен қандай ағаштың қай жерге егілетінін түсінбейді, сосын ол өспейді, – дейді экобелсенділер.

Орал қаласындағы Сергей Исаев атындағы питомник бағының негізін қалаушы, бағбан Қайрат Кәрімов жалпы егілген ағаштардың тізімі дұрыс таңдалғанын айтады. Бағбанның айтуынша, Батыс

Бізбен тілдескен Гүлнар ханым: «Бәрі де күтімге байланысты», – дейді.

Ол осы бақша орталығын бір жыл бұрын ашқан еді. Қазір орталық қылқанжапырақты сәнді ағаштар, әртүрлі бұталар мен көпжылдық гүл көшеттеріне бай.

– Біздің қаламыз онсыз да жасыл әлемі қала. Осы әлемдікке бір ерекше нәр бергім келді. Біздің қалада қылқанжапырақтыларды мүлде кездестірмейсіз. Сосын дәл осы қылқанжапырақты өсімдіктер егемін деп шештім. Қала әкіміне барып жер бөлуін сұрадым. Сосын бұрын егілмей жүрген ағаштардың түрін ектім, тәуекел еттім. Қазір сол мен еккен қылқанжапырақтылар жайқалып өсіп келеді. Мен өзімнің команда күтім жасайды, суарамыз, түрлі дәрумендер құямыз. Ағаш жерсіндіуі үшін күтім керек. Қылқанжапырақтылар біздің жақта өспейді деген қате түсінік, мен соны жоққа шығардым, – дейді Гүлнар Мерғалиева.

Біздің облыста ағаш егу жұмысы жүргізіліп жатыр-ау. Тек бір өттеген-ай дейтін тұсы бар. Бір жағынан орман егіп, екінші қолымызбен орманды отап жатырмыз. Жергілікті әкімдік бизнес нысандары үшін Жайық, Шаған, Деркөл өзендерінің жағасынан жер береді, жерге қол жеткізген кәсіпкерлер сол маңдағы тал-теректі отап жатыр. Бұл үшін қанша экобелсенді қарсы шықты, өзирге нәтиже жоқ. Жылдар бойы Оралға көрік беріп келген жасыл желек жойылып барады. Жойылмағаны бүгінде қойқыса толған.

Қала іргесінде Хан тоғайы аталған әлемді орман алқабы бар. Бұл жер өткен ғасырда егілген ағашқа бай. Көрі ағаштар бүгінде өбден еңкейген. Ол аздай жастар орманды қойқыс алаңына айналдырып үлгерген. «Таза Қазақстан» жобасы аясында осы аймақтардан бірнеше мәрте қойқыс шығарылды.

– Мынау – 20 мектеп манайы. Біз бұл фактіні бір ай бұрын анықтадық. Орман алқабын отап жатыр екен. Бір кәсіпкер бизнес ашпақшы. Біз жергілікті әкімдікке айттық. Бірақ нәтиже жоқ. Қазір ол жерді түгел тып-типыл қылды. Бұрын жайқалған ағаш болған дегенге ешкім сенбейді қазір.

Ал мына жерде осыдан екі жыл бұрын керемет ағаштар өсіп тұрып еді. Қазір көріп тұрсыз зәулім ғимарат салып тастаған. Бұл жерге құрылыс жүргізу үшін 35 ағашты кесуге рұқсат алыпты. Бірақ біз келіп қазықтан қазыққа дейін әдейі есептеп қарағанда 130 ағаш кесілгені көрдік. Неге саны асып кетті, неге кесесіздер деген сұраққа ешкім жауап бермеді. Бәрі бір-біріне сілтеп қоя салды, – деп қыңжылады экобелсенді Дәуренбек Сахым.

Зан бойынша бір ағаш кескен адам 10 түп ағаш егу керек. Құрылыс нысаны үшін 130 түп ағаш кескен кәсіпкер 1 300 тал ағаш егу керек. Оны баптап өсірсіз не орманға айналмай ма? Алайда оны қалағалап, талап етіп жатқан кім бар дейсің?.. Оталған орман оталған күйі қалып жатыр.

«Орманды отау деген дүниеге тосқауыл қоюдың жалғыз жолы бар», – дейді мамандар. Әкімдік бизнесмендерге су жағасынан, орман алқабынан жер бергенді қою керек.

– Біздің басты мақсатымыз – егілген ағаштардың қазіргі жағдайын анықтау. Президент ағаштарды егіміз деп айтқан кезде, оларды өсіріп, климатқа жақсы әсер етуі керек екенін айтқан. Ағаштарды күтіп-баптауға қаражат бөлінуі керек екені түсінікті. Біз үшін ең маңыздысы – ағаштардың өсіп, миллиардтаған қаржы бөлінген бағдарламаның нәтиже көрсетуі, – дейді Д.Сахым.

Сонымен, біздің облысқа егілген ағаштар неге өспейді? Күтім жоқ па, әлде жер нашар ма? Біз бұл сұрақты Орал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Қайрат Есенғалиевте қойдық.

– Көктемде аяқасты күн суытып үсік шалды. Соның кесірінен, үйеңкі мүлде өспей қалды. Бізде егілген ағаштардың 20–25 пайызы ғана жерсінді. Орман алқаптарында егілген ағаштарды мал жеп кететіні, таптап кететіні бар. Бұнда ағаштардың өсіп кетуіне кедергі болып отыр, – дейді Қайрат Есенғалиев.

БҚО-да егілген ағаштардың ну орманға айнала алмауының бірнеше себебі бар. Мамандардың айтуынша, алдымен егілген ағаштарға күтім жасалмайды, ең бастысы егілсе болды деген желеумен жерге талды жапсыра салады. Оларды уақытылы суарып, манайын қоршап күтпегесін жас тал өспей қалады. Айналып келгенде бюджет қаржысы желге ұшады.

2025 жылға дейін 2 млрд ағаш егу керек екен деп еге салу жоспары орындалатын шығар. Алайда климатқа оң әсер ететін, табиғатқа пайдасы тиер ну орман қала ма, қалмай ма артымызда бұл жағы өзирге беймәлім болып тұр.

ЖАЙЫЛЫМНАН СӘН, АУЫЛДАН МӘН КЕТТІ МЕ?

Қай кезде де мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының күрделі саласы саналады. Соның ішінде асылтұқымды мал шаруашылығын өрістету ісі жоғары маңызға ие. Алайда жайылымды жаңғырыққа бөлеп, төрт түлігін түлетіп жүрген малшы қауымының бүгінгі жайы алаңдатарлық күйде тұрғаны жасырын емес.



А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Бұрын ауылдың сәні төрт түлігімен күнды болатын. Сол кездері қорасы қойға, жайылымы тайға толған ауыл халқының жағдайы жақсы еді. Атадан балаға аманат болып жеткен атакәсіптің желкенін керіп жүрген майталман мамандарға мемлекеттің де қолдауы ұшан-теңіз болатын.

Жалпы, елімізде мал шаруашылығының тоқырауы сонау 90-жылдары бастау алды. Оған ауыл шаруашылығы саласының назардан тыс қалуы себеп болды. Соның салдарынан саналы ғұмырын төрт түлігін тығыз байланыстырған шаруалар атакәсібін тастап, басқа шаруаға бейімделе бастады. Осыдан кейін ет, сүт фермаларының күйі қашты. Қатары сиреді. Қолда бар малдың басы қожырап кетті. Қанша еңбекпен өсірген асылтұқымды мал басын да кемітіп алдық. Сол себепті бүгінде асылтұқымды малды шетелден алдыруға мәжбүр болып отырмыз. Оның өзінде мез емес. Бұл тұрғыда атакәсіптің аяқалысы Сыр өңірінде де ақсап тұрғаны аңғарылады.

Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметіне сәйкес, өңірде 2024 жылдың 1 қазанына 420,2 мың бас мүйізді ірі қара, 827,3 мың бас қой мен ешкі, 253,4 мың бас жылқы, 65,4 мың бас түйе және 120,4 мың бас құс тіркелген. Бұл жағынғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда мүйізді ірі қара 36 пайызға, қой мен ешкі 17,1 пайызға, жылқы 0,7 пайызға, түйе 4,6 пайызға, құс 0,1 пайызға артқанын алға тартады. «Сыр өңірінде мал шаруашылығын өркендету бағытында көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Оның ішінде мал басы санын арттыру, асылтұқымды мал шаруашылығын өркендету, мал өнімдерін өндіру бағытында қыруар шаруа жасалауда. Соның нәтижесінде нақты уақытта 25,5 мың тонна ет (тірі салмақта), 33,9 мың тонна сүт және 5,4 млн дана жұмыртқа өндірілді. Бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ет өндірісі 2,9 пайызға, сүт өндірісі 2,7 пайызға, жұмыртқа 1,9 пайызға артқанын көрсетеді», – деп мәлімдеді бұл жайында басқарманың баспасөз қызметінен.

Сонымен қатар өңірде асылтұқымды мал шаруашылығын өрістету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар барысын тілге тиек етті. Осы орайда басқарма тарапынан 2024 жылдың 1 қаңтарына облыс бойынша асылтұқымды ірі қараның саны 15,6 мың басты құрағанын мәлімдеп отыр. Оның ішінде асылтұқымды қойлар 185 мың басты көрсетсе, жылқы 3,2 және түйе 0,3 мың басқа тең болып тұрғанын алға тартты.

Алайда малшы қауымы төрт түлікті түлетуде кесе-көлденен кездесетін қиындықтар көп екенін айтып отыр. Атап айтқанда, бүгінгі қоғамда малдың терісі мен жүнін игеретін орындар тапшы. Бұл бірінші кезекте төрт түлікті түлетіп отырған фермерлерге оңайға соқпай тұрса керек.

«Мал басын көбейтіп, атакәсіптің ізін жалғауға ниетті жандар ел ішінде өлі де аз емес. Бірақ кәсіпін дамытуға кесе-көлденен кездесетін қиындықтар көп. Өзім қой шаруашылығымен айналысамын. Соның ішінде асылтұқымды қойдың қарақол тұқымын өсіремін. Алайда мал шаруашылығының өркендеуіне кері әсерін тигізетін кедергілерге



жиі тап болып жатамыз. Мәселен, соңғы жылдары мемлекеттен фермерлерге түрлі бағытта берілетін субсидия көлемі кеміп кетті. Сонымен қатар жемшөпке қолдау жоқ. Соның салдарынан өңірде бірнеше жыл бұрын қуаныштықтан талай малдың қырылып қалғаны белгілі. Бұдан өзге, малшы қауымы төрт түлігінің жүні мен терісін өткізетін жер таппай тентіреп жүр. Жыл сайын қырықпен нақанында қойдың жүнін игере алмай, өртеп жібереміз. Бұл айналып келгенде малшы қауымын артық шығынға алып келеді. Мемлекет осындай келеңсіздіктерді қаперге алып, фермерлерге қолдау болатын желде шараларды қолға алуы тиіс сияқты. Әйтпесе, мал шаруашылығынан мән кетіп барады», – дейді асылтұқымды қой шаруашылығымен айналысатын «Асан» шаруа қожалығының иесі Қойшыбай Асанов.

Шынында да, бүгінде малдың терісі мен жүніне деген сұраныс болмай тұрғаны жасырын емес. Мол табысқа кенелуге болатын бұл кәсіпке қызығушылық жоқ. Соған орай малшы қауымы ауылдардан малдың жүні мен терісін қабылдайтын арнайы пункттер ашылса деген тілегін жеткізіп отыр. Ең болмағанда, бизнесті қолдау бағытында жастарға осы бағытта жұмыс жүргізуге мүмкіндік берілуі керек. Сонымен қатар республика көлемінде шикізатты өндіретін арнайы цехтар ашылып, халықты табиғи өнімнен қамтуға жол ашылуы тиіс. Сонда ғана халыққа қажетті киім-кешектер өзге мемлекеттен тасымалданбай, отандық өнімді тұтынуға бетбұрыс жасалары сөзсіз. Бұған қоса, сүттен дайындалатын құрт, ірімшік, брында өнімдерін дайындауға да мүмкіндік жасалу қажет. Бір сөзбен айтқанда, мал өнімін тиімді өндіруге қатысты тың бастамалар қолға алынса, халықтың сапалы дүние тұтынуға мүмкіндігі артып қана қоймай, малшы қауымы мен кәсіпкерлердің кәсібі де өрге жүзер еді.

Малшылар қауымын мазалайтын тағы бір түйткіл – ветеринария мамандардың тапшылығына келіп тіреледі. Бүгін кейбір ауылдарда ветеринарлар мүлде жоқ. Соның салдарынан қауіпті дерттердің алдын алу жұмыстары жүйелі жүргізілмей, төрт түлікті кездесетін жұқпалы аурулардың жылдам таралуына тежеу болмай тұр. Соған орай мал басын өсіруге мән беріп, әр ауылда, әрбір шаруашылықта ветеринар мамандардың болуына жол ашылуға тиіс. Малшылар қауымы осылай деп мұның шағады.

Осы орайда тағы бір айта кететін жайт, қазір өңірде ежелден еті мен сүті жанға шипа, дертке дәру саналатын түлік төресі түйе малының да саны сиреп бара жатқаны байқалады. Әсіресе, облыстағы солтүстік ауданның бірі – Арал өңірінде айыр өркештілердің саны аз емес еді. Сол уақытта өңірде өсірілетін түлік төресінің шұбаты мен өркешіне деген сұраныс та жоғары болды. Бүгінде түйе шаруашылығының бұл өңірде де тұралап тұрғаны жаңа батып тұр. Ащы сортаңды шөппен қоректенсе де, шөлге шыдамды келетін ойсылқара тұқымын өсіруге деген сұраныстың соңғы жылдары нәліктен күрт төмендеп кеткені өзирге беймәлім.

Қалай дегенде де, ауыл шаруашылығы саласында сан мәселе бар. Оның ішінде мал шаруашылығын дамыту бағытында шешім күткен мәселелер шаш-етектен екені байқалады.

БЕЛЕС

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауына арқау болған бағыттардың бірі. Мемлекеттік құрылымдардың қызметі халықтың игілігіне, азаматтардың сұранысы мен талап-тілегіне бағытталуға тиіс. Бұл Ата Заңның 3-бап, 1-тармағында көрсетілген. Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауында Қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары саналады, — деп атап өткен.



ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРДІ

Біз цифрлармен, фактілермен, іс-әрекеттермен сендіре отырып, азаматтардың сынына және сындарлы ұсынғанына жедел ден қоюға отырып, олардың сенімін қалпына келтіріміз керек, — деген болатын Мемлекет басшысы. Осыдан кейін мемлекеттік органдар, органдардың өкілдері, басшылары әлеуметтік желілерде өз парашаларын ашып, тіркеліп, мемлекеттік қызметшілерінің қатысуымен тікелей эфирлер өткізіп, ел адына шығып кездесулер ұйымдастырып, қоғамдық қабылдаулар аясында тұрғындардың өтініш-тілектеріне назар аударып келеді.

Жалпы, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы барлық азаматтың өтініштеріне жедел және тиімді ден қоюға бағытталған. Бұл бағытта өңірлерде облыс әкімдері мен оның орынбасарлары, әр салаға жауапты басқарма басшылары тоқсанына бір рет халықты қабылдауды жүзеге асырып отыр. Жуырда Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды кезекті рет өңір тұрғындарын жеке қабылдады. Қабылдауға келген азаматтар түрлі мәселені ортаға салды. Әлеуметтік салаға қатысты мәселелер де көтерілді. Бұдан бөлек, өңір тұрғындары инклюзивті ортаны қалыптастыру, қоршаған ортаны таза ұстау бойынша ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Тұрғындардың көтерген мәселелерін шешуге құқық қорғау органдарының басшылары, департамент және басқарма басшылары да атсалысты. Жеке қабылдауда көтерілген әрбір мәселе жіті зерделеніп, заң аясында шешімін табатын болады.

Сонымен қатар өңір басшысы жаңадан құрылған Сауран ауданына жұмыс сапарын ұйымдастырып, аймақ тұрғындарымен кездесті. Аудандағы бірқатар нысандарды аралады. Сапар барысында Ескі Икан ауылындағы күрделі жөндеуден өткізілген «Өмір Темір» атындағы ауылдық мәдениет үйіне барып, құрылыс сапасын тексерді. Биыл Түркістан облысында «Ауыл — Ел бесігі» бағдарламасымен 6 мәдениет үйіне

күрделі жөндеу жүргізілуде. Оның ішінде Мақтаарал, Шардара, Сайрам мен Сауран аудандарында бір, Жетісай ауданында екі мәдени нысан бар. «Өңірде мәдени ошақтарын қайта ретке келтіріп, ондағы жұмыстарды жандандыруымыз қажет. Тұрғындардың бос уақытын тиімді пайдалана отырып, үйірмелер мен жоспарлы іс-шараларды тұрақты өткізіңіздер. Соның ішіндегі кітапханаға оқырман тартып, келушілердің қатарын арттыру қажет», — деді Дархан Амангелдіұлы. 1976 жылы салынған мәдениет нысанына күні бүгінге дейін жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Аудандық мәдениет үйіне қарасты ғимараттың күрделі жөндеу жұмыстары бытыр басталып, биыл қыркүйек айында пайдалануға берілді. Халық саны 22 мыңнан асатын ауылдағы 380 орындық мәдениет үйінің жанынан құрылған «Достық» этнофольклорлық ансамблі жұмыс істейді. 1 700 шаршы метрді құрайтын ғимарат есікабабтты. Жалпы аумағы 7 400 шаршы метр. Жоба құны — 408,7 млн теңге.

Жалпы, Сауран ауданында 11 клуб, 4 мәдениет үйі бар. Аудан тұрғындарын мәдениет нысандарымен қамтамасыз ету мақсатында кезең-кезеңімен тиісті жұмыстар атқарылып келеді. Келесі жылы ауданның бас жоспарына сәйкес, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасының аясында «Қарашық» мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар Бабайқорған ауылдық округінің орталығынан клуб әрі кітапхананың құрылысы басталды. Майдантал ауылдық округінің орталығынан да осындай нысанның құрылысын салу үшін сметалық құжат әзірленді.

Сауран ауданына жұмыс сапарымен барған Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Golden Cotton мақта қабылдау және қайта өңдеу зауытында болды. Осыдан 2 жыл бұрын ашылған зауыт 4 гектар аумақта орналасқан. Жоба құны — 789,0 млн теңге. Мұнда жылына 12 мың тонна

мақта өңдейді. Жергілікті тұрғындар жұмыспен қамтылған. Өндірілген өнімді Ресей, Беларусь және Қытай елдеріне сатуға шығарады. Былтыр 8 мың тонна мақта өнімін қабылдап, қайта өңдеген. Су үнемдеу технологиясының көмегімен келер жылы 1 мың гектар жерге жоғары сотты мақта тұқымын егіп, өнім сапасын арттырмақ. Облыс әкімі Дархан Сатыбалды сондай-ақ саурандық жас кәсіпкермен кездесті. Істен шыққан ескі қондырғыны сатып алып, жөндеген Саидбек Жаппаров мақтаны қайта өңдеу цехын іске қосқан. Жылына 600 тонна мақтаны қайта өңдеп, өндірілген өнімді Қытай мен Түркияға сатады. Сондай-ақ көкөніс сақтайтын қойма ашып қойған.

Түркістан облысы — елімізде мақта өсіретін жалғыз өңір. Мақта шаруашылықтарында 25 мың агроқұрылымдарда 70 мыңға жуық шаруалар еңбек етеді. Облыста жыл сайын 100 мың гектарға мақта дақыл егіліп, 300 мың тоннадан астам өнім жиналады. Мақта саласындағы негізгі түйткілі мәселені баға тұрақсыздығы. Себебі елімізде бәсекеге қабілетті тоқыма және тігін өнеркәсібі дамымағандықтан, шитті мақтаны сату бәсеке экспорт нарығына тәуелді болып отыр. Елімізде мақта талшығын терең өңдеу бойынша тек 3 кәсіпорын бар, олардың үлесінде мақта талшығының қайта өңделген көлемі 18 пайыздан аспайды.

Бұл мақта өсіретін тұрғындардың ең өзекті мәселесі. Халықтың осынау мәселесін жақсы білетін облыс басшысы Жол картасына сәйкес, 2027 жылға дейін 9 мақта кластерін құру көзделіп отырғанын жеткізді. Нәтижесінде, мақта бағасына алдағы жылдары тәуелділік жойылатын болады. Осы мақсатта 2023 жылы Мақтаарал ауданында Cotton Мақта ЖШС мақта өңдеу зауыты жобасы жүзеге асырылды. Жобаның құны — 3 млрд теңге, жылдық қуаттылығы — 60,0 мың тонна мақта талшығын шығару. Зауытта 80 адам жұмыспен қамтамасыз етілген.

Сондай-ақ Жетісай ауданында құны 7,6 млрд теңгені құрайтын жылына 7 500 тонна ирілен жіб фабрикасын салу бойынша TST JETISAY TEXTILE ЖШС-ның жобасы жүзеге асуда. Билік пен бұқара арасындағы байланыс осылайша тығыз қарым-қатынас орнағанда аймақтағы мәселелердің оңтайлы шешілуі жылдам жүзеге аспак.

МІНДЕТ КӨП, МАҚСАТ АЙҚЫН



«Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм». Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен Мәжілісте өңір басшысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауының маңыздылығы мен басымдықтарына жан-жақты тоқталып, белгіленген міндеттер мен мақсаттарды жүзеге асыру үшін жауапты орынбасарлары мен басқарма басшыларына нақты тапсырмалар берді. Жолдауда жүктелген міндеттердің орындалуының қатаң қадағалауда болатынын айтты.

Бұл жолғы стратегиялық құжаттың тақырыбы — «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм». Айқындалған 9 міндеттің әрқайсысы еліміздің бүгінгі мен ертеңі үшін аса маңызды.

— Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында негізгі 9 бағытты айқындап берді десек, ондағы міндеттерді жүзеге асыруға біріміз жұмыла атсалысуға тиіспіз. Президент айқындап берген бағыттар әрбір азаматтың өмір сүру сапасын жақсартуға қызмет етеді. Мемлекет басшысы балаларды құмар ойынға тартқандарға және көмелетке толмаған балаларға зорлық-зомбылық көрсеткені үшін берілетін жазанын күшейтілгенін ескертті. Сондықтан Білім басқармасы, аудан, қала әкімдері және Полиция департаментімен бірлесіп отырып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында нақты шаралар қабылдау қажет, — деді облыс әкімі.

Сонымен қатар облыс әкімі Жолдауда қай бағыттарға басымдық берілгеніне де тоқталды.

— Ақша-несие саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жою

бойынша Жолдаудың бірінші бағытында қазір нақты секторға несие әлі де ойдағыдай берілмей жатқанын атап өтті. Шағын және орта бизнесті жеткілікті қаржыландыру мәселесі де шешілмегенін ескертті. Үкімет пен Ұлттық банкке оңтайлы шешімдер қабылдауды тапсырды. Осы бағыттағы жұмыстарды жандандыруымыз керек. Сонымен қатар экономикамыздың көлемін арттыруды және өңірміздің жалпы ішкі өнімін өсіруді тапсырды. Бюджетті тиімді игеру және бөлу тәртібі, салық саясатының тиімділігін арттыру — біздің басты міндетіміз.

Мемлекет басшысы жеке табыс салығының мөлшерлемесін азаматтардың кірісіне қарай дифференциациялау жасауды тапсырды. Осы бағытта салық саласын жетілдіріміз қажет. Бұл бағытта аудан, қала әкімдері, Мемлекеттік кірістер департаментімен бірлесіп, нәтижелі жұмыс жүргізуді тапсырамын. Салық жүйесін толық цифрландыру қажет. Жолдаудың екінші бағытында Президентіміз инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге қажетті жағдай жасауды, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы іске асырылатын жобаларды сапалы әзірлеуді тапсырды. Жергілікті әкімдердің инвестор тарту бойынша атқарылып жатқан

жұмыстарының төмендігін атап өтті. Аймаққа жеке инвестиция тарту — әкімдердің ең басты міндеті. Әр аудан, қала әкімдері мен облыстық басқарма басшыларына инвестиция тарту бойынша бекітілген іс-шара жоспарының орындалуын қамтамасыз етуді тапсырамын. Инвестиция тартпаған аудан, қала әкімдері, басқарма басшылары бойынша кадрлық шешім қабылданатынын ескертемін, — деді Дархан Сатыбалды.

Сондай-ақ облыс әкімі Мемлекет басшысының агроөнеркәсіп кешенін тікелей субсидиялау тәсілінен арзан несие беру тәсіліне көшуді тапсырғанын атады.

— Осы орайда Мемлекет басшысы мемлекеттен субсидия алу үшін заңсыздық фактілері болатынын атап өтті. Басқарма басшысына мемлекеттен бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалуды тапсырамын. Субсидия бөлуі ашық түрде заңды құқықтардың бұзылмауын қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар Жолдауда көрсетілгендей, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруді үйрететін орталық ашу қажет. Еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдау. Облыста жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртумен қатар, жаңа өндіріс орындарын ашуға баса мән беру керек. Облыстағы пайдалы қазбаларды пайдалану үшін нақты шаралар қабылдауды тапсырамын. Сондай-ақ инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешіп, құрылыс сапасына жасалатын бақылау жұмыстарын күшейтуді тапсырамын, — деді өңір басшысы.

Айқындалған жаңа міндеттерді түсіндірген басшысы облыс жұртшылығы тарапынан Мемлекет басшысының Жолдауы үлкен қолдауға ие болғанын айтты. Жолдауда айқындалған әр бағыт бойынша жауапты басшылар нақты тапсырмалар алды. Өңірдің кадрлық әлеуетін арттыруды, Ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алуды және бұқаралық спортты дамытуға ерекше мән беруді, тұрғындар медициналық нысандардың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін жеке инвесторларды тартып, жеке медициналық нысандарды салу жұмыстарын күшейтуді, спорт саласын дамытуды, экологиялық ахуалды жақсартуды, Мемлекеттік басқару ісін тиімділігін арттыруды, облыс тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жұмыстарды күшейтіп, нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

АДАЛ АЗАМАТ АДАЛ ЕҢБЕГІМЕН ТАНЫЛАДЫ

Түркістан қаласындағы «Ақжайық» музыкалық мектебінде Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаевтың қатысуымен маңызды жиын өтті. Бұл шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауына орай ұйымдастырылды. Жиынға Түркістан облыстық дін істері басқармасының басшысы Рүстем Сабыржанұлы, Түркістан облысының бас имамы Ержан Сматаұлы, ҚМДБ-ның Түркістан облысы бойынша өкілдері мен БАҚ өкілдері қатысты.



Кездесу барысында Жолдау аясында елімізде іске асырылатын жоспарлар талқыланды. Мәлік Отарбаев Жолдаудың халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға маңыздылығын атап өтіп, мемлекеттік органдардың және дін өкілдерінің қоғамның дамуына қосатын үлесін бағалады. Жиында имамдардың әлеуметтік мәселелерді шешудегі рөлі, халықтың рухани-адамгершілік тәрбиесі мен зайырлы қоғам құрудағы міндеттері де сөз болды.

Басқосуда «Адал адам — Адал еңбек — Адал табыс» бағдарламалық бағдарламасы талқыланды. Бұл бағдарлама қоғамның әділеттілігін арттыру, адал еңбек ету арқылы табыс табу мақсатында құрастырылған. Мәлік Отарбаев халықтың игілігі үшін іске асырылатын бұл бағдарламаға белсенді қатысуға шақырды.

Шара барысында қатысушылар арасында пікір алмасу жүргізілді. Түркістан облысының бас имамы Ержан

Сматаұлы дін мен қоғам арасындағы байланыстың маңыздылығын атап өтті. Ол имамдардың халықтың рухани дамуына қосатын үлесі туралы сөз сөзге, дін өкілдері ретінде халықтың арасында әділеттілік пен адалдықты насихаттаудың қажеттігін жеткізді.

Жиынның қорытындысында Мәлік Отарбаев тұрғындарды мемлекет саясатын қолдауға, елдің игілігі үшін белсенді түрде қызмет етуге шақырды. «Әділетті Қазақстан» Жолдауының мақсаты — еліміздегі заң мен тәртіпті нығайту, экономикалық өсімді қамтамасыз ету және қоғамдық оптимизмді қалыптастыру.

Түркістан қаласында өткен бұл жиын әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге, қоғамның дамуындағы әрбір азаматтың рөлін анықтауға және мемлекет саясатын тиімді іске асыруға бағытталған бірегей алаң болды. Жиын қорытындысы бойынша қабылданған ұсыныстар мен шешімдер Түркістан облысының дамуына зор үлесін қосатыны сөзсіз.

ЗАҢГЕРЛІК КЕҢЕС АЛДЫ



«Әділетті Қазақстан — Адал азамат» тұжырымдамасын орындау аясында өңірлерде Азаматтық Альянс Заңды тұлғалардың нысанындағы бірлестіктердің және Түркістан облысының Әділет департаментінің ұйымдастыруымен азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы «Белсенді ұзақ өмір» филиалында ашық есік күні өтті.

Аталған іс-шарада құқықтық ақпарат беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегі аясында Түркістан облысының Әділет департаментінің қызметкерлері, адвокаттар, заң консультанттары, нотариустар және сот орындаушылар, ерікті заңгерлер, Азаматтық Альянс Заңды тұлғалардың нысанындағы бірлестіктің өкілдері, Іскер әйелдер қауымдастығының өкілдері тарапынан халыққа қажетті заңгерлік кеңес және ақысыз заңгерлік көмек көрсетіліп, заң аясында тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жуырда дәл осы топ «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалында өткен «Құқықтық көмек» жобасымен ұйымдастырылған іс-шара барысында да түркістандық тұрғындарға құқықтық көмек көрсетті.

Қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыруда жұртшылықтың құқықтық мәселелер жөніндегі сұраныстарының шешім табуына ықпал ету маңызды екені белгілі. Осы орайда Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошановтың бастамасымен «Құқықтық көмек» жобасы қолға алынып, азаматтардың заң талаптарына қатысты сұраныстарына жауап алуда заңгерлерден кәсіби көмек алуға мүмкіндік беретін алаң болып қалыптасып отыр.

Мемлекет басшысы айтқан әділдік пен заңның үстемдік құруын осындай нақты істермен қамтамасыз етуде партияның Түркістан облыстық филиалы аясында жеке сот орындаушыларға қатысты мәселелер бойынша тақырыптық қабылдау болды. Іс-шараға жеке сот орындаушылардан бөлек, Түркістан облыстық Әділет және полиция департаменттерінің жауапты өкілдері де қатысты.

Тұрмыстағы түрлі түйткілер азаматтардан сауатты құқықтық қимылдар жүргізуін талап етеді. Оның ішінде өз

құқықтарын қорғауда түрлі инстанцияға жүгіну, талап-арыздар толтыру, отбасылық қарым-қатынас пен тұрғын үй, еңбек қатынастары салаларында заңды құқықтары мен мүдделерінің сақталуын қамту мәселелерінде кәсіби заңгерлік көмекті талап ететін жағдайлар көптеп кездеседі. Тұрғындардан сондай-ақ банктердегі жеке шоттарының бұғатталуы, мүлікке иелік ету құқығының шектелуі, алимент өндіру, несие қарыздарын өтеу мәселелері бойынша шағымдарын білдіреді.

Түркістан қаласының тұрғыны Балнұр Бекболтаев жолдасы мен оның қарындасына ата-анасынан мұрагерлікке қалған үйді қарындасы толығымен ағасына берімін деп келіскенін, алайда оған белгілі бір қаржы төленуі тиістігін айтады. Түркістандық тұрғын нотариустен осы мәселенің заңдылығын сұрады. Оған нотариаттық қызмет маманы үйді ағасының атына сыйға беру шарты бойынша өткізе алатынын, мұны өзінің туған бауыры беретіндіктен белгіленген қаржының 50 пайызы төленетіні жөнінде түсіндіріп берді.

Ал бір кездері банкке берешегі болып, есеп шоттары бұғатталған, қазір банкпен толық есеп айырысқаннан соң бұғаттары ашылғанын, дегенмен тағы да несие алу қажетіндей бір проблеманың алдынан шығып жүргенін айта келген Ақтоя Мадалиева Әділет департаменті маманына жүгінді. Шағымданушы туралы деректерді зерделей келе оның бір банктегі есепшотының ашылмай қалып кеткенін анықталды. Әділет департаментінің маманы осы жерде сот орындаушысымен байланысып, арыз-дандушының есепшотын ашып берді. Мәселесі бір сәтте шешілген тұрғын ризашылығын білдіріп қайтты.

«Құқықтық көмек» жобасы аясында өткен қабылдауда осы тектес базанысын айтып, кеңес алуға келгендер көп болды. Қабылдаушылар әрбір азаматты мұқият тындап, барыныша мәселесінің оңды шешімін табуына көмек берді.

31 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ



«Танакөзбен» көңілде еді,

**Сымбат
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ**

БІЗДІҢ ЕРКЕ бала кез...

Ақын, драматург Мұхтар Шахановтың «Танакөз» поэмасы – ғажайып лирикалық дүние. Оның қағаз бетіне түскеніне 30 жылға таяды. Бұл уақыт арасында аталмыш шығарма көптің есінде қалып, бірқатар театрдың сахнасында әртүрлі үлгіде көрерменімен қауышып отырды. Жақында Ә. Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрында тағы бір мәрте театр көрерменін қуантақан премьераның тұсаукесері өтті. Достық пен махаббат деген ғаламат сезімді ерекше эмоция, әуезді әнмен жеткізген премьерда әдемі мақпал сезімге бөлендік. Екі күн қатарынан өткен қойылымға «Танакөз» поэмасының авторы Мұхтар Шаханов та қатысты.



пен Зеркүлдің өмірі бір арнада тоғыспады. Трактордың астында қалып, екі аяғынан бірдей айырылған Мұраттың қайғысына шыдамай, анасы қайтыс болады. Сонша қиындықтан кейін Зеркүлге деген көңілінің болмағанын айтып, кетуін өтінеді. Ал Мұхтар жан досының мұндай трагедияға ұшырағанына бейжай қарамай үйіне келсе, Мұраттың қасынан Танакөзді көреді. Ақырында екі ғашықтың бір-біріне деген сезімі барын түсінеді. Осылайша, үшеуі тағы да ақ көбігін шашып тұрып ағатын Ақсу суында балаша ойнайды. Спектакль осылай тәмамдалды.

Залдық толы. Шынайы оқиға желісімен сахналанған қойылымнан ерекше әсер алған көрермен көзіне еріксіз жас алды. Театрсуіер қауымның көбеюі, онлайн билет қасасындағы аңшалақтық болуы – театр үшін жетістік. Сәтті шыққан спектакльдің режиссері – Әлі Бидахмет. Ол бұның алдында жазушы, ақын Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» повесін сахнаға бейімдеп, халықтың қошеметіне ие болған-ды. Осы жолғы қойған «Танакөз» де жұртты өзіне асықтырды.

– «Танакөз» поэмасы – әдебиетсуіер, әсіресе өлеңсуіер қауымға белгілі шығарма. Мұхтар ағаның

енбектерін оқушы кезден бастап сүйіп оқимын. Оның ішінде «Танакөз». Бұл поэманы сахналық үлгіде шығару бұрыннан жоспарымда болды. Сәті биылға кеп түсіпті. «Танакөздің» ішінде нағыз адал достық бар. Шынайы махаббат бар. Жағымсыз кейіпкер жок. Барлығы бір-бірін құрметтеп, шын сүйетін адамдар. Былайша айтқанда, біреуге агрессиясы жоқ адамдар. Мұхтар Шаханов тек жақсылықты көрсеткен кісі ғой. Сондықтан осы шығарманы тандадым. Өйткені қазір достықты сақтамайтын, махаббаттың кәдіріне жетпейтін, тіпті отбасында береке мен сыйластықты құндылық ретінде бағаламай, оны бұзып, аяққа таптап жатауына талай күә болып отырмыз. Бізде осының барлығына бір кереғар көзқарас, онды жауап болсын деген ниетте осы қойылымды бастадық. Бұл театрды көрген халық өздеріне басқаша түсінік қалыптастырып, жақсы ойға жетелесін деген оймен сахналадық. Қойылым мазмұнын сақтап, негізгі мәтінді қара сөзбен бердік. Өйткені өлеңді оқу бір бөлек те, оны ойнату бір бөлек. Соған байланысты біз поэзия тілін театр тілі етіп өзгерттік. Оны автордың өзіне де айтып, актерлердің сөйлейтін кей диалогін реттеуге ағамыздың көмегіне жүгіне отырып, көпшілікке ұсынып отырмыз.

Көрерменге жол тартқан күннен бастап билеттер аңшаптырған өтті. Оның себебі бар. Біріншіден, тақырып та өзекті, автордың өзі аңыз адам, атын ел біледі. Бір жағынан мұның маркетинг жағы да бар. Премьера автордың қатысуымен өтетінін жарияладық. Соған да халық қызығып келген шығар деп ойлаймын, – делі режиссер.

Ал бас кейіпкер Танакөздің рөлін сомдаған – Дильназ Қабдырова. Айтуынша, спектакль эмоцияға толы. Көрерменге жеткізу де оңай болмаған.

«Танакөз – өмірде болған оқиғаның кейіпкері. Поэма кейіпкерлерінің көзі тірі болғандықтан әрі «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, қолымыздан келгенше шынайы ойнап шығуға тырыстық. Сондықтан біздің жүрегімізден шықты, жүрекке жетті деп ойлаймын. Халықтың қошеметіне бөленгендіктен, жақсы қабылдады деген үміттеміз. Бұл қойылымға бір айдай дайындалдық. Мұхтар ағаның «Танакөзімен» ғана емес, барлық шығармасымен де, өмірімен де танысып үлгердік. Поэмалар Танакөз сұлалықтың символы, таза, тұнық кейіпкер болып көрінді. Сондай жан дүниесі таза, шешімге нық, бір сөзді қызды алып шығуға тырыстық. Өте байсалды, оның үстіне ер балалармен қатар өскен соң өзінің қаттылығы да бар шығар. Оны қалай көрсете алдым, бағасын халық беріп жатыр. Шынайы шығу үшін өзіміздің жанымнан да өмірдегі ситуацияларды алуға тырыстық. Театрда жүрген актриса болған барлық жанрға бейім болу керек. Бірақ менің жаным мелодрама, драма жанры жақын. Сондықтан Танакөз образын көрсету аса қиынға соқпағаны содан шығар. Меніңше, Танакөз жүрегіңдегі алғашқы махаббатың сапалы. Сүйген адамды қанша жерден қиналса да, мүгедек болып қалса да оның сезімін өшіріп тастап кетпелі, – дейді Д. Қабдырова.

Бүгінгі қоғамда жібі сөтінеп бара жатқан нағыз достық пен пәк махаббат тақырыбын арқау еткен қойылымның жүгі ауыр. Бұлай деуіміздің себебі – спектакльдің драматургиялық құрылымы кейіпкерлердің эмоционалды жағдайымен көрінеді. Оның көрерменге жетуі үшін актерлерге артылған талап та жоғары. Түрлі жанрда сахнаға ұсынылатын «Танакөздің» мәні қай кезде де айрықша екені белгілі. Көрерменнің сарға күтетіні де сондықтан. Ә. Мәмбетов атындағы драма және комедия театрында қойылған «Танакөз» премьерасы театр қоржынындағы алғашқы мелодрама емес. Айта кетейік, премьералдан кейін М. Шахановтың қолтаңбасы қойылған сатылымдағы кітаптар келген қонақтардың қолына тиді.



ДӘСТҮРЛІ ТЕАТР ФЕСТИВАЛІ БАСТАЛДЫ

Астанада үшінші халықаралық «ТЕАТР ALL» Халықаралық театр фестивалінің шымылдығы түрілді. Дәстүрлі өнер мерекесі биыл Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы-драматург Роза Мұқанованың шығармашылығын арқау етті.

«Мәңгілік бала бейне», «Фариза», «Бопай ханым», «Сарра». Бүгінде Роза Мұқановадай театр үшін өндіріп жазған қаламгерлер некен-саяқ. Ол – театр қоржынын небір тағылымды туындыларымен байытқан қуатты қалам иесі.

– Жазуда жалған болмайды. Жазуда ақиқат болады. Жанның тазалығы болады. Мен тым жас кезімде, отызға толмаған шағымда «Мәңгілік бала бейне» деген пьесамды қара шаңырақ Мұхтар Әуезов атындағы қазақ драма театрының марқұм Болат Атабаев деген реформатор, режиссері менің жастығымға қарамай сахнаға шығарды. Ал Әуезов театрында тек қана классиктер қойылатын. Бүгінгі халықаралық фестивалге Мұхтар Әуезовтің «Қаралы сұлуының» кезінде инсценировкасын жасаған болатынмын. Қырғыз театры сол шығарма желісіндегі қойылымды алып келді. Әзербайжан театры «Шатыр астындағы мен» трагикомедиясын алып келді. Бұл біздің көрермендердің қолы жете бермеген шығармалар. Сондықтан театрдың есігі ашық, спектакльді көруге келіңіздер! – делі жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Роза Мұқанова.

Фестивальдың ашылу салтанаты алдында артистер мен қатысушылар қызыл кілеммен жүріп өтті. Мұхтар Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театры әзірлеген «Мәңгілік бала бейне» спектаклімен ашылды. Жалпы автордың да драматургияға сара жолы аталмыш қара шаңырақта театр кеменгері Болат Атабаевтың ақ батасымен басталған болатын.



– Бүгін біз бір апта бойы Астана қаласының әкімдігі, Мәдениет басқармасы, Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен үлкен театр мерекесін салтанатты түрде ашып жатырмыз. Бұл фестивальдың мән-мағынасы баршамағызға анық, айқын. Елдің ықпалына бөленген жазушы-драматург Роза Мұқанованың шығармашылығына арналады.

Түркі дүниесі, түркі мәдени кеңістігінде де Роза Мұқанованың туындыларының шоқтығы биік. «Мәңгілік бала бейне», «Сарра», «Бопай ханым». Осы қойылымдардың барлығы да рухани құндылығымызды дәріптейтін өміршен туындыларға айналды. Фестивальдың мақсаты да сол – Роза Мұқанованың драматургиясын дәріптеу. Осы жолы жаңа есімдерді ашқымыз келеді, әсіресе режиссурада не болып жатыр?! – делі Музыкалық жас көрермен театрының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маамиров.

Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған белді ұжымдар мен Қырғызстан, Әзербайжаннан келген артистер бір апта бойына бас қаладағы сахналарда өнер көрсетеді. Ал олардың қарым-қабілетін көзі қарақты көрерменнен қатар, Әлия Бөпежанова, Амангелді Мұқан, Анар Еркебай сынды белгілі мәдениет мейрамдары бағалайды.

Еске сала кетейік, аталған Халықаралық театр фестивалі 3 қарашаға дейін жалғасады.

САМБОДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ

Тәжікстанның Душанбе қаласында 25-27 қазан күндері самбодан спорт шеберлері арасында Әлем чемпионаты өтті. Дүбірлі додада маңғыстаулық 6 спорт шебері бақ сынап, 3 спорт шебері жүлделі орындарға ие болды.

Атап айтар болсақ, ҚР самбо федерациясының бірінші вице-президенті, Маңғыстау облыстық олимпиадалық резервін даярлау орталығының басшысы Манарбек Бисекенов 79 келі салмақта қола жүлдеге, спорт шеберлері арасында

Азия және Океания чемпионы Нұрлан Аманязов 98 келі салмақ дәрежесінде күміс жүлдеге ие болса, ҚР спорт шеберіне үміткер Мереке Бекешов 88 келі салмақта қола жүлдені қанжығаға байлады.

Сондай-ақ халықаралық экстра-класс төреші маңғыстаулық Берік Жұмағалиев те Әлем чемпионатында жеке марапатқа ие болды.

Айта кетейік, аталған сайыста әлемнің 13 мемлекетінен 35 жастан жоғары 350-ден астам спортшы, оның ішінде Қазақстаннан 90 спортшы күресті.



NUR MEDIA
МЕДИА ХОЛДИНГ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(717) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4514

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,